



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БАСТЫ ДЕБАТТАҒЫ БАҒДАР –
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ



Бір палаталы Құрылтай депутаттарын сайлау қарсаңындағы теледебаттар саяси аренадағы пікірсайыс дәстүрін едәуір алға ілгерілетті. Қарапайым қазақстандықтар куә болған төрт теледебатта көп мәселе көтерілді, «халыққа не ұсынамыз?» деген сауал ғана емес, бұл пікірсайыс алаңында сауатты пайым мен саяси партиялардың ауқымды бағдарламалары алға шықты.

(Жалғасы 6-бетте)



САЙЛАУ

ДАУЫС БЕРУ –
АЗАМАТТЫҚ БОРЫШ

Құрылтай депутаттарының сайлауы – барша халықты маңызды іске жұмылдыратын, бірлігі мен ынтымағын сынайтын, жауаптылығын арттыратын бірегей шара. Құрылтай депутаттарының сайлауына қатысып, дауыс беру арқылы азаматтар өз ұстанымын ғана білдіріп қоймай, нағыз таңдаулылардың іріктелуіне үлесін қосады.



Бүгінде жеті партия Құрылтайдан неғұрлым көбірек орын алу үшін ел алдына шығып, өздерінің бағдарламасын таныстыруда. Ел ордасы Астанада да Құрылтай сайлауын демократиялық талаптарға сай, заңдық нормаларды сақтай отырып өткізу үшін ақпараттық-насихат, түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Әр партияның халықпен кездергісіз кездесулер ұйымдастырып, үміткерлерін таныстыруына, жоспарларымен

бөлісуіне толық жағдай жасалған. Сонымен бірге Астана қаласының әкімдігі мен құзырлы органдары Құрылтай сайлауына қатысты заңдық қағидаларды көпшілікке уақытылы жеткізіп, ережелерден жан-жақты хабардар етуге басымдық беріп отыр.

Айталық Астана – еліміздің жүрегі, барлық жаңалықтардың жаршысы болғандықтан, жұмыс барысында елордаға келетіндер, кездесу, басқосуларын осы орталықта ұйымдас-

тыратындар көп. Міне осындай іскерлік кездесуге келген, жұмыс, оқу бойынша Астанаға аялдаған, тіпті жеке шаруаларымен елордаға жолы түскен жандар Құрылтай сайлауына қалай қатыспақ?

Шын мәнінде бұл мәселенің шешімі бар. 2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауы өтетін күні өзінің тіркелген жерінде емес, Астанада немесе басқа қалада болған сайлаушы нақты орналасқан жері бойынша дауыс бере алады. Ол үшін не істеу керек?

Мәселен егер Астанада болатын болсаңыз, өз сайлау учаскеніңізден алдын ала дауыс беру құқығына арналған есептен шығару куәлігін алу қажет. Мұндай куәлікті сайлаушы өзінің тіркелген жері бойынша учаскелік сайлау комиссиясынан алады. Ол үшін учаскелік комиссияға барып, өтініш жазып, жеке басын куәландыратын құжатты көрсету қажет.

(Жалғасы 3-бетте)



БАЗЫНА

Мемлекет басшысы былтырғы жолдауында: «Қазақстандағы банктердің активтері мен қаражаты дамыған елдерге қарағанда орта есеппен бірнеше есе көп пайда әкеледі. Себебі біздің банктер экономикаға несие бергеннен гөрі қаржылық тәуекелі төмен бағыттарға ақша салғанды жөн көреді. Осы мәселені депутаттар, сарапшылар үнемі көтеріп жүр. Ұлттық банк пен Үкімет банктердің ақшасын экономикаға барынша тартудың тиімді тәсілдерін табуы қажет. Енді бұл мәселені созуға болмайды, шұғыл шешу қажет», – дегені есімізде. Сонда да Президент міндеттемесінен қандай да бір нәтиже шығарына күдікпен қарағандар аз болған жоқ.

ӨНДІРІСКЕ БЕРІЛГЕН
НЕСИЕНІҢ ҮЛЕСІ ӘЛІ ТӨМЕН

Өйткені қаржы институттарын өндірісті қаржыландыруға белсенді түрде тарту мәселесі бұған дейін де сан мәрте айтылып, Үкіметке түрлі тапсырмалар берілген. Бірақ онда айтарлықтай үлкен нәтиже байқалмады. Сол себепті Президент 2023 жылғы жолдауында: «Быттыр негізгі капиталға салынған қаражат ішкі жалпы өнімге шаққанда небәрі 15 пайыз болды. Бұған негізінен еліміздегі банктердің экономиканы дамытуға белсенді атсалыспауы себеп болып отыр. Мұндай ахуал Үкіметті тікелей қаржыландырумен, кепілдік және субсидия берумен айналысуға мәжбүрлейді. Бұл тәсіл тиімсіз, көп қаражатты талап етеді әрі нарықтық экономика қағидаларына қайшы келеді» деген болатын.

Быыл алғашқы жартыжылдықта банк секторы шаруашылық жүргізуші субъектілерге 20,4 триллион теңгенің жаңа несиелерін берді. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 1,6 триллион теңгеге немесе 8,6 пайызға жоғары. Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының талдау орталығының шолуына қарағанда, барлық өсім корпоративтік сегменттің (+20,7%) есебінен болды, ал бөлшек сауда сегментінде төмендеу байқалды (-3,6%). Нәтижесінде, жаңа несиелердегі бизнестің үлесі 2025 жылдың бірінші жартыжылдығындағы 50,3 пайызбен салыстырғанда 55,9 пайызға дейін өсті. Бизнес сегментінде барлық қарыз алушылар санаттары бойынша өсім байқалды: шағын бизнеске берілген несиелер – 21,2%, орта бизнеске берілген несиелер – 56,2%,

ал ірі бизнеске берілген несиелер 10,5% өсті. Екі таңбалы өсім компаниялардың айналым капиталына деген қажеттілігімен, инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асырумен және жеңілдікпен қаржыландыру бағдарламаларын кеңейтумен қолдау тапты.

Екінші деңгейлі банктердегі несие қоржынының 61,5 пайызын бөлшек нарық құрайды

Банк секторының шаруашылық жүргізуші субъектілерге берген несиесі туралы сөз қозғалған кезде қоржындағы серпілісті айтпай кетуге болмас. Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу агенттігінің статистикалық деректеріне қарағанда, 2020–2026 жылдары несие ақшалай көлемде 13,9-дан 41,9 триллион теңгеге өскенімен, несие қоржынының құрылымында бөлшек нарықтың үлесі әлі де басым. Мәселен, екінші деңгейлі банктердің көрсеткіші бойынша, быыл несиелеу бағыттарының құрылымында бөлшек нарық, яғни, халыққа берілген қарыздың көлемі 25,8 трлн теңгені құрап, оның үлесі 61,5 пайызға жетті. Оның 41,3 пайызы тұтынушылық несие болса, 17,6 пайызы ипотекалық несие болып отыр. Ал корпоративтік нарыққа, яғни бизнеске берілген қарыздың көлемі 16,1 трлн теңгені құрап, оның үлесі 38,5 пайызға жетті. Мұндағы шағын және орта бизнестің үлесі 18,6 пайыз, ірі кәсіпорындар үлесі 11,9 пайыз, жеке кәсіпкерлердің үлесі 8 пайыз болып отыр.

(Жалғасы 4-бетте)

2-БЕТ



Жалған
ақпараттың
жауапкершілігі
ауыр

5-БЕТ



«Қаладан – ауылға»
көш түзегендер
көбейді

8-БЕТ



СУДАН ТАБЫЛҒАН
МҮРДЕ

ЖАЛҒАН АҚПАРАТТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ АУЫР

Цифрлық технологияның қарыштай дамып, ЖИ-дің адамдардың күнделікті тұрмыс салтына сыналай өнуі адам өміріндегі өртүрлі құндылықтарды өзгертті. Соңғы жылдары мемлекеттік қызметтің бәрі цифрланды, қарапайым адам мен маманның тікелей байланысы азайып, бәрі онлайн форматта жүзеге аса бастады. «Бір терезе», «Үйден шықпай, құжат ал», егов мобайл, каспи мемқызмет, салық төлеу, коммуналды қызмет секілді рәсімдеу мен анықтамалар ұсыну қызметтері шындығында оңайлады. Бірақ мұндай жетістіктермен бірге өз заманының қиындықтары да келді.

Цифрланған жүйенің өз проблемалары туындады. Енді қарапайым көпшілік бұл мемлекеттік қызметтер ретін тікток пен чатджипитиден іздейтін болды. «Ана құжатты қалай аламын?», «Жәрдемақыға қалай өтініш беремін?», «Үйді, көлікті қалай рәсімдеймін?», «салықты немесе айыппұлды қалай жоямын?» секілді сан сауалдың жауаптарын іздейтін көпшілік желілерде көбейді. Бір қарағанда, ол сауалдарды жолдайтындар аудиториясы әртүрлі, оларды қарт кісілер немесе кілең жастар, я болмаса әйелдер, сауатсыз оқымағандар деп категориялауға да келмейді. Өйткені, керісінше олардың көпшілігі цифрлық дүниені жақсы біледі. Бірақ ресми ақпаратты әр мекеменің автоматтарынан қырық рет мыжып сұрап отырғаннан гөрі, керегін қарапайым тілмен түсіндіретін блогердің видеосынан ұғып алғаны әлдеқайда түсінікті. Яғни, ресми органдардың жауап беру жүйесі әлі қарапайымдылыққа, нақтылық пен дәлдікке бейімделе қоймады. Осы себепті де көпшілік мемлекеттік қызметтер сайтындағы салалас құрмалас он сөйлемді түсініп ұғудан гөрі «не, қайда, қашан, қалай?» деп тақылдайтын блогердің көрерменінің, контентінің санын көбейте салғанды күп көреді. Бұл дұрыс та дүние, мұны кемшілік деуге де келмейді. Бірақ мұнда туындайтын бір мәселе сол блогерлердің немесе журналистердің де қателесіп, немесе публикаға ойнап теріс ақпаратты беріп жіберетіндігі.

«Мемлекет сөз бен пікір еркіндігін шектеуге мүдделі емес».

Санаулы күндерде ел аумағында ең маңызды оқиға Құрылтай депутаттарын сайлау өтеді. Осыған орай әлеуметтік желілер мен сайттардан, ақпараттық технологиялардан келетін дау мен айыптаулар, жалған ақпараттар көбеюі мүмкін. Осы себепті жақында ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева өзінің фейсбук әлеуметтік парақшасында хабарлама жариялады. Онда министр сайлауалды науқан кезінде журналистер мен блогерлердің бірқатар заңдық мәселелерге назар аудармай, құқықтық тәртіп нормаларын бұзып алатынын, оның жауапкершілігі үлкен екенін айтты. Журналистердің өз қызметін заң шеңберінде атқаруын, әрбір сөз бен әрекетте азаматтардың жеке шекараларын аттамай, кәсіби біліктілік дәрежесінде халыққа сауатты қызмет көрсетуі керектігін жазды. «Ең алдымен, журналистер мен блогерлердің заң шеңберінде өз қызметін еркін жүзеге асыруға, соның ішінде фото және бейнетүсірілім жүргізуге құқығы бар екенін атап өткім келеді. ҚР «Масс-медиа туралы» заңына сәйкес журналистер кәсіби қызметі барысында фотоға, дыбыстық таспаға және бейнетаспаға түсіруге, сондай-ақ ақпарат таратуға құқылы.

Бұл ретте журналистер де, блогерлер де адамның келісімінсіз мынадай үш жағдайда түсірілім жүргізе алады:

- егер адам ойын-сауық, мәдени-бұқаралық, мәдениет саласындағы әлеуметтік маңызы бар іс-шараларға, спорттық-бұқаралық іс-шараларға,



бейбіт жиналыстарға немесе өзге де көпшілік іс-шараларға қатысса не сол жерде болса;

- егер таратылатын ақпараттағы адамның бейнесі оның қызметтік және (немесе) қоғамдық қызметіне қатысты болса, сондай-ақ ол өз бейнесін ашық қолжетімді дереккөзде өзі жариялаған жағдайда;

- егер адамның бейнесін пайдалану қоғамдық тәртіпті қорғау мақсатында қажет болса түсірілімге рұқсат», – деді сала басшысы.

«Жаңа саяси кезең бізден азаматтық жауапкершілік пен кемелдікті талап етеді.

Сонымен қатар бірқатар бұқаралық ақпарат құралдарының, белсенділер мен блогерлердің әлеуметтік желідегі парақшалары жаппай бұғатталып жатқаны туралы ақпаратқа да жеке тоқталғым келеді.

Журналистер мен блогерлердің кәсіби қызметіне немесе сөз бостандығына негізсіз шектеу қойылды деген пікір туғызатын кез келген әрекет тек жекелеген журналистер мен блогерлерге ғана емес, мемлекеттік органдардың беделіне де нұқсан келтіреді.

Бұл мәселе сайлау науқаны кезінде айрықша маңызды. Мәдениет және ақпарат министрлігі әлеуметтік желі қолданушыларының, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары мен журналистердің аккаунттарын бұғаттамайды. Мемлекет те мұндай әрекеттерге немесе сөз бен пікір еркіндігін шектеуге мүдделі емес.

Керісінше, мұндай әрекеттер мемлекет пен оның институттарының беделіне нұқсан келтіріп, оларды қоғам алдында теріс көрсетуге пайдалануы мүмкін. Сондай-ақ бұл министрліктің сөз бостандығын қамтамасыз ету бағытындағы жұмысына кедергі келтіреді.

Өкінішке қарай, соңғы уақытта осы тұрғыда алаңдататын жайттар байқалып отыр. Сондықтан масс-медиа саласындағы уәкілетті орган ретінде

біз, ең алдымен, сөз бостандығына кепілдік беретін заңды құқықтардың жүзеге асуына қолдау көрсетеміз.

Бұл мәселелер Қазақстан дамудың жаңа кезеңіне қадам басқан бүгінгі уақытта ерекше мәнге ие. Жаңа Конституция қабылданды, негізгі мемлекеттік институттарды жаңарту үдерісі басталды, алда Құрылтайды қалыптастыру міндеті тұр. Елімізде жаңа саяси және қоғамдық мәдениеттің

Әлеуметтік желі жауапкершілігінен асып кейде жеке көзқарас, толық зерттелмеген тұжырым жасайтын журналистер мен блогерлер көп. Оның өзегінде мемлекет кепілдік берген құқықтар мен бостандықтар бар, бірақ соны сезіну жауапкершілігі аз. Танымалдық пен жазылушы санымен жарыс кейде журналистер мен блогерлерді өз әрекетіне деген жауапкершіліктен алыстатады. Жалған ақпарат қалың оқырман мен көрерменді, қала берді халықты адастырады. Осы тәртіп пен сөз салмағы әрқашан адекватты, толерантты маманның шамшырағындай болуы тиіс.

негізі қаланып жатыр», – дейді тағы бір тұста Аида Балаева.

Әлеуметтің саяси өмірінде расымен де, елеулі өзгерістер орын алып жатыр. Оған көзіқарақты кез келген оқырман куә. Әлеуметтік желі жауапкершілігінен асып кейде жеке көзқарас, толық зерттелмеген тұжырым жасайтын журналистер мен блогерлер көп.

Оның өзегінде мемлекет кепілдік берген құқықтар мен бостандықтар бар, бірақ соны сезіну жауапкершілігі аз. Танымалдық пен жазылушы санымен жарыс кейде журналистер мен блогерлерді өз әрекетіне деген жауапкершіліктен алыстатады. Жалған ақпарат қалың оқырман мен көрерменді, қала берді халықты адастырады. Осы тәртіп пен сөз салмағы әрқашан адекватты, толерантты маманның шамшырағындай болуы тиіс.

«Мемлекет сөз бостандығын, журналистер мен блогерлердің заңды қызметін қамтамасыз етуге және қорғауға міндетті. Ал сөз бостандығы таратылатын ақпарат үшін жауапкершілікті де талап етеді. Бір адамның құқығы екінші адам-

ның құқығын бұзу есебінен жүзеге аспауға тиіс. Қоғамдағы мәртебе де ешкімге заң талаптарын елемеуге артықшылық бермейді.

Бүгінде «Адал азамат» құндылықтарының маңызы артып келеді. Бұл өз құқығын ғана емес, қоғам мен мемлекет алдындағы міндетін де түсінетін, заңды құрметтейтін, жауапкершілігі жоғары әрі жасампаз азаматтың бейнесі. Жаңа саяси кезең бізден осындай азаматтық жауапкершілік пен кемелдікті талап етеді.

Сонымен бірге журналистер мен блогерлер үшін аса маңызды тағы бір қағидатты ұмытпауымыз керек. Ол – таратылатын ақпараттың анықтығын міндетті түрде тексеру.

Осыған байланысты әлеуметтік желілер мен онлайн-платформалардың әкімшіліктерін заңға қайшы контентті дер кезінде анықтап, жою жөніндегі жұмысты күшейтуге шақырамын. Алайда заңға қайшы материал мен заңды түрде айтылған пікірдің, кәсіби журналистік қызмет пен қоғамдық пікірталастың ара-жігін нақты ажырату аса маңызды. Заңсыз контентпен күрес сөз бостандығын негізсіз шектеуге әкелмеуге тиіс.

Сөз бостандығы мен жауапкершілік бір-біріне қайшы ұғымдар емес. Керісінше, олардың үйлесімі азаматтардың құқықтары сенімді қорғалатын, заң бәріне бірдей қолданылатын, ал қоғамдық диалог нақты дерекке, өзара құрмет пен жауапкершілікке негізделетін кемел қоғам қалыптастырады.

Осыған байланысты бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мен блогерлерді тарататын ақпаратына жауапкершілікпен қарауға, дереккөздерді мұқият тексеруге және масс-медиа, онлайн-платформалар мен сайлау туралы заңнама талаптарын сақтауға шақырамын», – дейді министр өз парақшасында.

Қазақстандық медиа кеңістіктің аудиториясы өзі жақсы көретін блогер немесе журналистің айтып жазғанының бәрі бірдей шындық, рас бола

СӨЗДЕН ІСКЕ КӨШЕТІН УАҚЫТ КЕЛДІ

Мемлекеттік тіл – тәуелсіз елдің негізгі рәміздерінің бірі. Кез келген өркениетті елдің өзінің Туы, Елтаңбасы, Әнұраны, шекарасы болатыны секілді, мемлекеттік тілі де болады. Демек, мемлекеттік тіл де – мемлекеттің негізгі атрибуттарының бірі.

Ел Президенті: «Тілге деген көзқарас, шындап келгенде, елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан, оған бейжай қарамаймыз. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, елімізді Қазақ мемлекеті деп атайтын боламыз», – деген болатын. Тіл халықтың қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі. Мемлекеттік тілдің мерейін асыру мақсатында мемлекеттік қызметте қажырлы жұмыс атқарылуда. Барлық шығыс құжаттары мен мемлекеттік мекемелермен хат алмасу мемлекеттік тілде жүзеге асырылады. Соның ішінде

соңғы кезде, сот жүйесінде мемлекеттік тілдің өрісін кеңейтуге, оның баптарының жүзеге асырылуының бағдарламаларының жасақталғаны, Мемлекет басшысының тіл саясатында дұрыс бағыт ұстап, қолдау танытып отырғаны көпке мәлім. Аталған әрекеттердің бастауы – мемлекеттік мекемелерде қазақ тілін оқып үйретуді дұрыс жолға қою.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Қазақстан халқын топтастырудың

аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстанның әрбір азаматының парызы.

ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 30-бабына сай Қазақстан Республикасында қылмыстық сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа тілдер де қолданылады.

Жалпы, тіл мәселесінде іс жүргізу үшін қатынас қағаздарын мемлекеттік тілде толтыру үлкен рөл атқаратынын ескеру қажет.

Яғни, соттардың іс қағаздарын қазақша жүргізуі төменнен, кеңседен басталуы тиіс, қатынас қағаздарын мемлекеттік тілге толықтай көшіру қазақ тілінің мәртебесін асырудың алғышарттарының бірі.

Бұл ретте, қазақша мәтін сөзбұйдаға, созбаландыққа, көп сөзділікке са-



лынбай, нақты, қысқа, түсінікті тұжырым түрінде болуына аса күш салыну керек. Ол үшін нақты мәтіндер ұсынылса дұрыс болар еді.

Осындай жағдайларда қазақ тілі барлық соттарда тұрақты қолданысқа ие бола бастайды деп сенеміз. Өйтпесе тіл мәселесі айта-айта жауыр болуға айналады, сөзден іске көшетін уақыт келді.

Тіл – қатынастың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ырыс-берекенің алды, ұлттың жаны, әрі ары. Тіл жай сөз емес, өмірдің талай сынынан өткен, өскелең талаптарға сәйкес өрістей

түскен толыққанды ақиқат. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Өйткені, ана тілінің өмір сүру кеңістігі тілді сақтау, ал тілді сақтау – ел тұтастығын сақтау.

Ел тәуелсіздігі – тіл тәуелсіздігі. Тіл – ұлттың төлқұжаты, мемлекеттің тұғыры. Сол болашақтың берік іргетасын бүгін қалауымыз қажет.

А.ТАРГЕНОВА,
Ақтөбе облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің басшысы

КӨЗҚАРАС

ТІЛ МӘРТЕБЕСІ ТӨМЕНДЕМЕЙДІ

Мемлекеттік тілдің пәрменін арттырып, қолданыс Маясын кеңейту баршамызға жүктелген міндет. Қазақстан халқы бір кісідей дауыс берген жаңа Конституцияда да мемлекеттік тілдің мәртебесі сақталып, 9-баптың 1-тармағында: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп нақты бөкітілген. Ал осы қасиетті құндылықтың соттағы қолданылуы жылдан-жылға жақсарып келеді.

Тілге байланысты көзқарас пен көрсеткіш бір күнде өзгермейтіні белгілі. Бұл жұрт болып жұмылуы, ынтымақтаса әрекет етуді қажет ететін мәселе. Соған орай соттардағы қолға алынған іс-шаралардың да ауқымы кең.

Ең алдымен бұл бағыттағы жұмыстар соттағы іс-қағаздарын, жиындар мен шараларды мемлекеттік тілде жүргізуден бастау алды. Себебі өзгелерге сын айтып, кеңес бермес бұрын өз жұмысымыз сапалы, мемлекеттік тілдегі құжаттарымыз сауатты болуы тиіс. Бүгінде соттағы кіріс-шығыс құжаттары толықтай мемлекеттік тілге көшірілген. Сот ғимаратындағы барлық арыз-шағым үлгілері, жадынамалар қазақша рәсімделген.

Екіншіден сот судьяларының ғана емес, сот қызметкерлерінің де мемлекеттік тілді жетік меңгеруі – басты талап ретінде белгіленіп отыр. Судьялар қос тілге жүйрік болып, сот мамандары мемлекеттік тілде мүдірмей қызмет көрсете алған жағдайда азаматтардың да сенімі мен құрметі артады. Тілді біліп қана қоймай, оны көркем, түсінікті, қысқа да нұсқа қолдану да шеберлік пен ізденісті қажет етеді. Сондықтан мемлекеттік тілді қолдану, терминдерді біріздендіру, са-

уатты аударма жасауға көңіл бөлу мәселесі ешқашан күн тәртібінен түскен емес. Одан бөлек судьялар мен сот қызметкерлері арасында ұйымдастырылатын түрлі челлендж, өнер сайыстарының, ұлттық дәстүрді ұлықтайтын байқаулар мен шаралардың да мемлекеттік тілді дамытудағы маңызы айрықша.

Үшіншіден, мемлекеттік тілді қолдануда кездесетін кемшіліктерді ашық сараптап, шешімін бірігіп табу үшін құзырлы орган өкілдері, қоғам қайраткерлері, білікті сарапшы, ғалымдардың қатысуымен дөңгелек үстел, талқылаулар өткізудің де нәтижесі жоғары.

Міне, осындай кешенді жұмыстардың арқасында соттарға түсетін іс материалдары мен арыз-шағымдардағы мемлекеттік тілдің үлесі жоғарылап келеді. Тек бір есте ұстарлық мәселе – істердің қазақ тілінде қаралуы соттарға ғана байланысты емес. Қылмыстық-процестік, Азаматтық процестік, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамаға сәйкес сот ісін жүргізу тілі талап қою арызының қай тілде берілгеніне қарай айқындалады. Яғни, талап қою сотқа қандай тілде берілсе, іс сол тілде қаралады.

Қазақы аймақтарда мемлекеттік тілге байланысты көрсеткіш жақсы

болғанымен, арыз-шағымын орыс тілінде беретіндер әлі де бар. Оның себебі де белгілі. Бұған көбінесе құзырлы орган өкілдерінің артық жұмыс жасауға ерініп, бұрыннан келе жатқан қалыпты үлгілермен іс-материалдарын рәсімдеуі түрткі болып жатады. Мемлекеттік қызметкер бола тұра кейбір мамандардың «қазақша материал толтыру қиын, терминдер біркелкі емес, зандарды аудару уақыт алады» деген сияқты түрлі сылтау айтатыны ойландырады. Сондықтан да біз жиын, семинарларды тұрақты өткізіп, арыз-шағымды мемлекеттік тілде рәсімдеудің үлгісі мен жауаптылығын түсіндіруге тырысамыз.

Заңгерлер мен адвокаттардың да мемлекеттік тілде қаралатын істер санының төмендеуіне ықпал ететіні рас. Олар өз көмегіне жүгінген азаматтардан гөрі, өзі жақсы білетін, ойын жетік түсіндіре алатын тілде шағым жазуды жөн көреді.

Бұдан бөлек, кейбір азаматтардың талап арызды орыс тілінде бергенде іс тез, сапалы қаралады деген түсінікті басшылыққа алатыны байқалады. Шын мәнінде істі қараудың процессуалдық мерзімі бар. Бұл мерзімнің өзгеруі арыздың қай тілде берілгеніне байланысты емес. Сондай-ақ сот өндірісіне түскен кез келген іс қай тілде берілгеніне қарамастан сапалы, заңды қаралатынын айта кеткен орынды.

Сот жүйесі мемлекеттік тілде қаралатын істердің үлесін арттыруға қашан да мүдделі. Сәйкесінше мемлекеттік тілде сот актілерін әзірлеу, процестерді мемлекеттік тілде жүргізу, судьялардың тілдік құзыреттілігін жетілдіру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Тек халықтық қолдау болса, мемлекеттік тілдің қолданысы қазіргіден де биік болар еді.

Алтынай БАЗАРОВА,
Маңғыстау облыстық сотының судьясы

ҚҰРЫЛТАЙ

САЙЛАУ БЮЛЛЕТЕНІ



2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Дауыс беруге арналған бюллетень сайлаушыларға сайлаушылар тізімдерінің негізінде сайлаушының жеке басын куәландыратын құжатты

көрсетуі бойынша беріледі.

Сайлаушы тізімге бюллетеньді алғандығы туралы қолын қояды, ал комиссияның бюллетеньді берген мүшесі оған өзінің қолын қояды, сондай-ақ бюллетеньді алған сайлаушының тізімдегі тегінің тұсына қол қояды.

Сайлау бюллетені жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырылады. Оны толтыру кезінде дауыс берушіден басқа адамның кіруіне тыйым салынады.

Сайлаушы саяси партиялардың атаулары бар сайлау бюллетенінде өзі жақтап дауыс беретін саяси партия атауының оң жағындағы бос шаршыға немесе «Бөріне қарсымын» деген жолдың оң жағында орналасқан шаршыға кез келген белгі қояды. Толтырылған бюллетеньді сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады.

Бюллетеньге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да болсын түзету енгізуге жол берілмейді.

Дауыс беру күні толтырылған бюллетеньнің фото- және (немесе) бейнетүсірілімін жүзеге асыруға және оны дауыс беру күні таратуға тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

ӘДЕП – ОҢ КӨЗҚАРАСТЫ ОРНЫҚТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

Мемлекеттік қызметкер – мемлекеттің айнасы. Әр мемлекеттік қызметшінің атқарған жұмысына ғана емес, қоғамда өзін ұстау мәдениетіне, жеке басының әдебіне қарап жалпы мемлекеттік қызметке баға беріледі. Міне сондықтан да өркениетті елдерде мемлекеттік қызметкерлерге қойылатын талап өте жоғары. Арнайы әдеп кодексінің қабылдануы, белгілі бір тәртіп стандарттарының жасалуы мемлекеттік қызметке таңдаулылардың іріктелуіне септігін тигізеді.

Мұндай биік бағдар тек біздің елімізде ғана қарастырылып отырған жоқ. Өркениетті елдердің көпшілігінде мемлекеттік қызметкерлерге жоғары стандарттар белгіленген. Айталық Америка Құрама Штаттарында Үкімет этикасы деген арнайы басқарма 1978 жылдан бері жұмыс істейді. Бұл басқарманың директорын ел Президенті тағайындайды. Осының өзі мемлекеттік қызметке қаншалықты мән берілетінін көрсетсе керек. Ал мемлекеттік қызметті сыбайлас жемқорлықтан таза ел саналатын Жаңа Зеландияда Мемлекеттік қызмет комиссиясы, Бас аудитор және полиция этикалық бұзушылықтарды бақылауға жауапты. Олар тек бұзушылықтарды тергеп қана қоймай, сонымен қатар бұл әрекеттерді бақылау үшін ережелер жасайды. Көршілес Ресей Федерациясында да мемлекеттік қызметшілердің этика және қызметтік мінез-құлқының үлгілік кодексі 2010 жылдан бері басшылыққа алынып келеді. Бұл кодекс елдегі мемлекеттік қызметшілердің мінсіз жұмысына құқықтық алғышарт жасап отыр.

Ал Қазақстанда «Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі» қабылданып, онда қызметтік этика



стандарттары, мемлекеттік қызметшілердің моральдық-этикалық қасиеттерін дамытудың негізі жасалған.

2016 жылы Қазақстан Республикасында этикалық бұзушылықтардың алдын алуға және мемлекеттік қызметшілердің этикалық нормаларды сақтауын қадағалауға жауапты беретін Әдеп жөніндегі уәкіл лауазымы енгізілгені белгілі. Уәкіл мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этика стандарттарын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық қағидаларын сақтауын қамтамасыз етеді. Сонымен бірге қызметкерлердің жауапкершілігін арттыру, жұмыс орнында және қоғамда жалпы қабылданған моральдық-этикалық стандарттардың бұзылуымен бақылауда ұстайды.

Мемлекеттік қызметтің сапасы тек мемлекеттік қызметшінің білім-білігімен өлшенбейді. Жұмыстың үйлесімді, жедел, тындырымды болуы ұжымдағы ұйымдастыру жұмыстарына көп байланысты. Бірлігі мықты, бір-біріне жанашыр ұжымда бітпейтін іс, сапасыз жұмыс болмайды. Ол үшін аға буын мен жас буын арасындағы сабақтастық берік орнығып, тәлімгерлік дәстүр сақталуы тиіс. Өйткені кәсіби шеберлік пен

біліктілік тәжірибемен келеді. Соған орай мемлекеттік қызметшілер арасында түрлі семинар, тренингтер, дәрістер жиі ұйымдастырылады. Мұндай шараларда заңдағы өзгерістер, құқықтық механизмдерді қолданудың тетіктері, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеудің тетіктері ғана емес, сондай-ақ әдептілік әліппесі де үйретіледі.

Әдеп – мемлекеттік қызметке деген оң көзқарасты орнықтырудың негізі. Мемлекеттік қызметкерлердің барлық атқарған жұмысы, қызметтік әдебі үнемі халықтың назарында болатындықтан, әр қадамды ақылмен жасау, әдептен озбау маңызды. Әрбір азаматты жылы қабылдап, айтар уәжі мен қояр сауалын ыждағаттылықпен тыңдап, дұрыс жол сілтеу – қызметкерлердің басты міндеті. Сөзді бөлмеу, шыдамдылық таныту, білместігіне не түсіністік таныту – әдептілік пен жоғары мәдениеттің көрінісі. Мемлекеттік қызметкердің басты тұтынушысы әрі басты сыншысы да халық екенін ұмытпағаны жөн. Осындайда Әдеп кодексінде бекітілген негізгі талаптарды күнделікті қарап, қызмет барысында қаперде ұстау артықтық етпейді. Ал кодекс мемлекеттік қызметшіні барынша сыпайы, адал, сабырлы, ұқыпты, қарапайым болуға үндейді. Сондай-ақ шындыққа сәйкес келмейтін ақпараттарды таратпауға, өзінің іс-әрекетімен сынға себепкер болмауға міндеттейді. Әдеп кодексінің талаптарын сақтап, тәртіптік теріс қылықтарға жол бермеу маңызды. Сонда ғана мемлекеттік қызметтің беделі жоғары болып, мемлекеттік қызметшілерге деген жағымды көзқарас қалыптасары анық.

Асхат ОРАЗӘЛІ,
Түркістан қаласы мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

САЙЛАУ



ДАУЫС БЕРУ – АЗАМАТТЫҚ БОРЫШ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Құрылтай депутаттарының сайлауында есептен шығару куәліктері 2026 жылғы 7 тамыздан бастап 22 тамыз күні сағат 18:00-ге дейін беріледі. Егер азаматтың куәлікті өзі алуға мүмкіндігі болмаса, оны белгіленген тәртіппен сенімхат бойынша өкілі алуға болады.

Астана қаласының тұрғыны сайлау өтетін күні басқа өңірге барған жағдайда да алдын ала тіркелген жеріндегі учаскелік сайлау комиссиясынан есептен шығару куәлігін алады. Яғни, азаматтардың тіркелген жерінде ғана емес, сайлау өтетін басқа жерде де дауыс беруіне кедергі жоқ. Тек сайлау комиссиясына алдын ала ескертіп, құжат алу қажет.

Сайлау күні азамат өзінің нақты орналасқан жеріндегі сайлау учаскесіне барып:

- жеке басын куәландыратын құжатты;
- есептен шығару куәлігін көрсетуі шарт. Осы құжаттардың негізінде сайлаушы тиісті учаскедегі сайлаушылар тізіміне енгізіліп, дауыс бере алады.

Басқа учаскеде дауыс беру үшін есептен шығару куәлігін алуға бола ма? Бұл да Астана тұрғындары тарапынан жиі қойылатын сауалдардың бірі. Жалпы есептен шығару куәлігі сайлаушының дауыс беру күні өзінің тұрақты орналасқан жерінен тыс жерде болуына байланысты беріледі. Егер азамат тіркелген елді мекенінде болып, сол елді мекеннің басқа учаскесін-

де дауыс бергісі келсе, бұл үшін есептен шығару куәлігі берілмейді. Мысалы, сайлаушы Астана қаласында тіркеліп, сайлау күні де Астанада болатын болса, қала ішіндегі басқа сайлау учаскесінде дауыс беру үшін есептен шығару куәлігін ала алмайды.

Бұдан бөлек, есептен шығару куәлігі бір рет қана берілетінін ұмытпаған абзал. Куәлік жоғалған жағдайда оның телнұсқасы берілмейді. Сондықтан құжатты сайлау күніне дейін сақтап, дауыс беруге барғанда оны жеке басын куәландыратын құжатпен бірге алып жүру қажет. Сайлауға қатысты мұндай тәртіпті қолданудың басты мақсаты – азаматтың сайлау күні тіркелген жерінде болмаса да, өзінің сайлау құқығын жүзеге асыруына мүмкіндік беру.

Сайлауға қатысу, дауыс берудің заңдық механизмі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 41-бабы 6-1-тармағымен реттелген. Сайлауға қатысты сауалдар туындаған жағдайда азаматтар Астанадағы өздерінің учаскелік сайлау комиссияларынан және Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының ресми интернет-ресурсынан жауап ала алады. Ең бастысы – куәлікті алуды кейінге қалдыруға болмайды. Мұндай куәлік тек 22 тамыз күні сағат 18:00-ге дейін ғана беріледі.

Т.ИБАСHEBA,
«Заң газеті» АСТАНА

БАЗЫНА

ӨНДІРІСКЕ БЕРІЛГЕН НЕСИЕНІҢ ҮЛЕСІ ӘЛІ ТӨМЕН

(Соңы. Басы 1-бетте)

Банк несиелерінің құрылымында бизнесті несиелеу азайып, халыққа берілетін бөлшек несиелердің (тұтынушылық және ипотека) күрт өсу үрдісі жалғасуда. Егер 2020 жылы қоржынның жартысынан көбін бизнес құраса, 2023 жылдан бастап халықтың қарызы алға шықты. Атап айтқанда бөлшек нарық үлесі 2020–2026 жылдары 42,4-тен 61,6 пайызға өссе, корпоративтік несие 57,6-дан 38,4 пайызға төмендеді.

Ең танымал несие түрлері

Бірінші – кепілсіз тұтынушылық несиелер мен бөліп төлеу. Оның нақты көлемі 17,3 триллион теңгені құрауда. Бұл өнім нарықты толық жаулап алды. Басты драйвері – Kaspi.kz, Halyk Bank және Jusan эжожүйелеріндегі 3, 12, 24 айға берілетін пайызсыз бөліп төлеу акциялары. Смартфон арқылы 1 минутта мақұлданатындықтан, қазақстандықтар күнделікті тұрмыстық техника, киім-кешек, тіпті азық-түлікті де осы несие түрімен алады.

Екінші – ипотекалық несиелер. Оның көлемі – 7,4 триллион теңге. Несиенің бұл түрінің танымалдығы халықтың баспанаға деген сұранысының жоғарылығынан болып отыр. Сұраныстың негізгі бөлігін мемлекеттік қолдау бағдарламалары («7-20-25», «Наурыз», «Отау») және «Отбасы банк» жүйесі арқылы берілетін жеңілдікті (5%-дан 10%-ға дейінгі) несиелер құрайды. Нарықтық ипотека (пайызы 18-22% болатын) қымбаттығына байланысты азырақ сұранысқа ие.

Үшінші – шағын және орта бизнеске арналған несиелер. Оның нақты көлемі – 7,8 триллион теңге. Мұндай несиенің танымалдығына 2024–2026 жылдары банктердің жеке кәсіпкерлерге арналған онлайн-несиелерді іске қосуы ықпал етті. «Даму» қорының субсидиялары арқылы кәсіпкерлер бизнесті дамытуға, айналым қаражатын толықтыруға арзан несиелер алады.

Төртінші – автокредиттеу. Бөлшек нарық құрамындағы оның көлемі 1,8-2,1 триллион теңге шамасында. Мемлекеттік жеңілдіктегі бағдарламалар тоқтағанымен, банктердің өздері автосалондармен бірлесіп серіктестік бағдарламалар (алғашқы жарнасы төмен немесе жеңілдікті кезеңі бар) ұсынды. Сондай-ақ, екінші қолдағы



автокөліктерді онлайн бағалап, несиеге беру өте танымал болып отыр.

Банктер ұзақ мерзімді жобаларды қолдауға құлықсыз

Ұлттық банктің алғашқы жартыжылдық қорытындысына қатысты ресми статистикасы бойынша өндіріске берілген несиелердің үлесі 2020–2026 жылдары 2,4-тен 5,4 трлн теңгеге өскенімен, жалпы қоржындағы үлесі 17,2-ден 12,8 пайызға төмендеген. Өндіріс үлесінің төмендеуіне бірнеше жағдай әсер етуде. Біріншісі, ұзақ мерзімді тәуекелдер. Өндіріс орнын ашу немесе оны жаңғырту үшін несие 7–10 жылға берілуі керек. Банктер үшін мұндай ұзақ мерзімді жобаларға қарағанда, халыққа 3-5 жылға жоғары пайызбен жедел несие беру әлдеқайда тиімді әрі табысты болды. Екінші, баламалы қаржыландыру. Ірі өндіріс орындары мен зауыттар соңғы жылдары банк несиесінен бас тартып, қаржыны халықаралық нарықтан, облигациялар шығару (KASE/AIX биржалары) арқылы немесе өз холдингтерінің ішкі қаражаты есебінен тартуға көшті. Үшінші,

ШОБ үлесінің өсуі. Өндіріс ішіндегі несиенің басым бөлігі қазір ірі зауыттарға емес, «Даму» қоры мен мемлекеттік бағдарламалар аясында субсидияланатын шағын және орта өңдеуші кәсіпорындарға беріледі.

2020–2026 жылдар аралығында өңдеуші өнеркәсіп (машина жасау, тамақ өнеркәсібі, металлургия, химия т.б.) Қазақстанның нақты секторын несиелеуде басты назарда болды. Дегенмен, бұл сектордағы банк несиелерінің нақты ақшалай көлемі өскенімен, жалпы банк қоржынындағы үлесі бөлшек несиелердің есебінен азайды.

Егер соңғы 2 жылдағы өңдеуші өнеркәсіп ішіндегі несиелердің құрылымына көз жүгіртер болсақ, банктердің өңдеуші секторға бөлген қаржысы келесі үш негізгі бағытқа бағытталғанын аңғаруға болады. Біріншісі, тамақ өнімдері мен сусындар өндірісі (32%) болып отыр. Бұған ондағы ахуалдың тұрақтылығы түрткі болып отыр. Өйткені тұтыну тауарларына сұраныс жоғары, өнім тез өтеді. Сондықтан несиелер негізінен астық өңдеу, сүт, ет өнімдері мен құс

фабрикаларын жаңғыртуға берілді. Екіншісі, металлургия және дайын металл бұйымдары (28%). Мұндағы несиелердің көбі ұзақ мерзімді (5-7 жылға дейін) және шетелдік валютадағы қарыздар үлесімен ерекшеленеді. Үшіншісі, машина жасау және автопром (20%). Оған түрткі болып отырған жағдай Қостанай мен Алматыдағы автозауыттардың (Allur, Hyundai) жұмысын кеңейту және отандық тұрмыстық техника мен кабель шығару зауыттарын қаржыландыру банктер мен «Өнеркәсіпті дамыту қоры» арқылы белсенді жүргізілді.

Осы арадағы бұл секторды несиелеудің негізгі ерекшеліктеріне тоқтала кеткен жөн шығар. Бұл ең алдымен мемлекетке тәуелділік. Өңдеуші өнеркәсіптегі несиелердің 60 пайыздан астамы мемлекеттік қолдау бағдарламаларымен (пайыздық мөлшерлемені субсидиялау) байланысты. Банктер өз тәуекелімен таза нарықтық пайызбен (21-22%) бұл секторға қаражат бөлігі келмейді. Өңдеуші секторды несиелеудің негізгі үлесі Halyk Bank, ForteBank және мемлекеттік Қазақстанның даму банкіне тиесілі. Салыстырмалы түрде Kaspi Bank бұл секторға мүлдем несие бермейді.

Өңдеуші өнеркәсіп нарықтық жоғары пайыз-

дармен (20-22% деңгейінде) берілетін несиені көтере алмайтындықтан, бұл сектордағы жобалардың 60 пайыздан астамы «Бәйтерек» холдингі арқылы жүзеге асырылады. Ондағы негізгі тетіктердің біріншісі пайыздық мөлшерлемені субсидиялау («Даму»). Мұнда кәсіпкер банкке барады, банк несиені нарықтық 21% деңгейінде белгілейді. «Даму» қоры бұл пайыздың 13-14 пайызын өз мойнына алып, мемлекет бюджетінен банкке тікелей төлесе, өңдеуші кәсіпорын нақты 7-8% ғана төлейді.

Екіншісі, несиелерге кепілдік беру. Жаңадан ашылған өңдеуші зауыттардың банкке қоятын кепіл мүлкі жетпей жатқанда, «Даму» қоры несие сомасының 50-85 пайызға дейінгі бөлігіне банк алдында өзі кепілгер болады. Үшіншісі, Қазақстанның Даму банкі арқылы ірі қаржыландыру. Сұранысы 7 миллиард теңгеден асатын ең ірі өңдеуші зауыттар (металлургия, химия, машина жасау) тікелей ҚДБ арқылы 10-20 жылға дейінгі мерзімге өте төмен жеңілдікті пайызбен (3-7%) тікелей ұзақ мерзімді несие алады.

Өңдеуші өнеркәсіп несиелерінің басым бөлігі Алматы агломерациясына тиесілі

Өңдеуші өнеркәсіп несиелерінің өңірлік құрылымында несиелік қаражаттың ел аумағында бөлінісі біркелкі емес. Негізгі үлес 5 аймаққа тиесілі. Онда Алматы қаласы мен агломерациясы (28%) көшбасшы. Бұл сауда хабтары мен дайын өнім шығару зауыттарының шоғырлануына байланысты. Екінші орында ауыр өнеркәсіп пен металлургия шоғырланған Қарағанды өңірі (18%). Үшінші орында машина жасау және лонокализацияланған өндірістері басым Қостанай облысы (15%) тұр. Түсті металлургия мен химия өндірісі басым Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында бұл 14%. Ал басқа өңірлерде (Ақтөбе, Шымкент, Атырау, т.б.) бұл 25%.

Нақты салалар бойынша несие көлемінің жиынтық кестесіне қарайтын болсақ тамақ және сусын өндірісі алда тұр. Ондағы негізгі көшбасшылар Алматы, Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстары. Олардың несие қоржынындағы үлесі 32 пайыз. Несие сомасы – 1,25 трлн теңге. Несие көлемі 1,10 трлн теңгені құрайтын металлургия өнеркәсібіндегі (28 пайыз) көшбасшылар Қарағанды, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстары. 0,78 трлн теңгелік несиеі бар машина жасау саласында (20 пайыз) Қостанай облысы мен Алматы, Саран қалалары көшбасшы. Химия және мұнай-химия саласындағы (12 пайыз) несие көлемі 0,48 трлн теңге. Ондағы көшбасшы өңірлер Атырау Жамбыл, Павлодар облыстары. 0,29 трлн теңгелік құрылыс материалдары мен жеңіл өнеркәсіпте (8 пайыз) Шымкент қаласы мен Алматы, Жетісу облыстары көшбасшы өңір саналады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

МІНБЕР

СОТ ЖҰМЫСЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ МҮМКІНДІКТЕРІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев IT-мамандар мен ғалымдардың күш-жігерін біріктіріп, халықаралық серіктестердің өлеуетін елдің дамуына тиімді пайдалану қажеттігін бірнеше рет атап көрсеткен болатын. Бүгінде осы бағыттағы міндеттер сот жүйесінде де біртіндеп жүзеге асырылып жатыр.

Жасанды интеллект азаматтарға өз талап-арыздарының қаралу барысын қашықтан бақылау мүмкіндігін берді. Сотқа жүгінушілер бұл арқылы уақыт пен материалдық шығынды айтарлықтай үнемдейді. Ресми деректер бойынша елімізде мемлекеттік қызметтің 92% пайызы электрондық форматта көрсетіледі, ал онлайн қызметтерді дамыту деңгейі жөнінен Қазақстан БҰҰ рейтингінде 8-орынды иеленген. Осы үрдіс сот саласын да айналып өтпей, электрондық сот төрелігі азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жедел және тиімді қорғауға, сондай-ақ сот жүйесінің ашықтығы мен қолжетімділігін арттыруға ықпал етеді.

Соттарды цифрландыру судьяның жүктемесін азайтып, күрделі істерге терең назар аударуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрландыру жүйе жұмысының ашықтығы мен бірізді сот практикасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Жасанды интеллект технологияларын IT-сервистер арқылы енгізу сот төрелігіне кедергісіз әрі ыңғайлы қолжетімділікті қамтамасыз етуді, іс жүргізуді автоматтандыруды,

ірі көлемдегі деректермен жұмыс істеуді, дауысты тануды және оны мәтінге түрлендіруді, жұмыс процестерін оңтайландыруды көздейді.

Қазақстанның сот жүйесі жасанды интеллектті қолға алуды алты жылдан астам уақыт бұрын бастаған. 2019 жылы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп «Сот шешімдерін іздеу және болжау» жобасы іске қосылды. Кейін Қазақстан-Британ техникалық университетінің мамандары мен бизнес өкілдері, сот саласының қызметкерлері бірлесіп жасаған жоба нәтижесінде сот практикасын цифрлық

ражатын үнемдеудің тиімді құралына айналууда.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай сот аппаратының күнделікті жұмысында бірқатар қайталанатын кемшіліктер орын алуда. Процестік мерзімдерді бақылауда адами фактордың әсері әлі де жоғары, тараптарға хабарлама мен шақыру қағаздарын жіберуде техникалық және мазмұндық қателер (мысалы, СМС-хабарламалардың белгіленген таңба лимитінен асып кетуі немесе қайталанып жіберілуі) орын алуда, құжат айналымына көп уақыт жұмсалады, ал ұқсас істер бойынша сот тәжірибесі

Соттарды цифрландыру судьяның жүктемесін азайтып, күрделі істерге терең назар аударуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрландыру жүйе жұмысының ашықтығы мен бірізді сот практикасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Жасанды интеллект технологияларын IT-сервистер арқылы енгізу сот төрелігіне кедергісіз әрі ыңғайлы қолжетімділікті қамтамасыз етуді, іс жүргізуді автоматтандыруды, ірі көлемдегі деректермен жұмыс істеуді, дауысты тануды және оны мәтінге түрлендіруді, жұмыс процестерін оңтайландыруды көздейді.

түрде талдап, іс нәтижесін болжайтын жасанды интеллект құралы – GPT Chat қолданысқа енгізілді.

Жыл сайын соттарға түсетін істер саны артып, іс жүргізу құжаттамасының көлемі ұлғайған сайын, сот аппаратына жүктеме де көбейеді. Мұндай жағдайда жасанды интеллект технологияларын енгізу сот жұмысын жеделдетудің, қателерді азайтудың және бюджет қар-

бірізді бола бермейді. Мұндай мәселелердің көбі жүйелік бақылаудың жеткіліксіздігінен туындайды, ал бұл ретте жасанды интеллект нақ осы бақылау функциясын автоматтандыруға қа-білетті.

Хабарлама-шақыру жүйесін автоматтандыру жасанды интеллект негізіндегі жүйелер СМС және электрондық хабарламалардың таңба лимитін, жи-



Ж.ҚАЙЫРХОЖАЕВ,
ҚР Сот әкімшілігі
Маңғыстау облысы бойынша
департаментінің ұйымдастыру-
талдау бөлімі басшысының
міндетін атқарушы

берілу жиілігін және мазмұнын автоматты түрде тексеріп, қайталануды немесе лимиттен асып кетуді алдын ала болдырмайды. Бұл – бюджет қаражатын үнемдеудің тікелей жолы әрі сот әкімшілігінің жиі кезігетін бұзушылықтарының бірін жоюдың нақты тәсілі.

Іс құжаттарын талдау және судьялар арасында бөлу табиғи тілді өңдеу технологиялары арқылы түскен арыз-шағымдарды автоматты түрде санатқа бөліп, тиісті құрамға немесе судьяға бөлу мерзімін қысқартуға

болады. Сонымен қатар, алгоритмдік жүйелер судьяның жүктемесін, мамандануын және іс күрделілігін ескере отырып, істерді неғұрлым тепе-тең әрі субъективті ықпалсыз бөлуге мүмкіндік береді. Ал жасанды интеллект ұқсас категориядағы бұрынғы шешімдерді жинақтап, судьяға анықтамалық материал ретінде ұсына алады – бұл сот тәжірибесінің бірізділігін нығайтады.

Мерзімдерді бақылау және азаматтарға қызмет көрсету арқылы жүйе процестік мерзімнің аяқталуына, құжат тапшылығына немесе тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтарға қатысты сот әкімшілігіне алдын ала хабарлама жібере алады. Жасанды интеллектке негізделген чат-боттар мен виртуалды кеңесшілер арқылы автоматты жауап беру канцелярия жүктемесін де едәуір жеңілдетеді.

Аталған бағыттардың жиынтық әсері бірнеше деңгейде көрінеді: рутиналық операциялар – автоматтандырылу есебінен уақыт үнемделеді, адами фактордан туындайтын техникалық қателіктер жүйелік деңгейде алдын алынады, бюджет қаражаты мақсатты пайдаланылады, барлық процесс цифрлық түрде тіркеліп кейін тексеруге қолжетімді болады, ал азаматтардың сот процесі туралы ақпарат алуы жеделдейді.

Дегенмен, жасанды интеллектті сот саласына енгізу тек техникалық мәселе емес, этикалық және құқықтық жауапкершілікті де талап етеді. Іс материалдары мен тұлғалық деректердің құпиялылығын қорғау – басты шарттардың бірі.

Жүйе судьяның шешіміне ықпал етпей, тек көмекші құрал ретінде қалуы тиіс: түпкілікті шешім қабылдау және ол үшін жауап беру әрдайым адам – судьяның құзыретінде қалуы керек, сол арқылы конституциялық ережелер сақталады. Сонымен қатар сот жүйесін сыртқы кибершабуылдардан қорғау және қызметкерлерді жаңа технологияны меңгеруге даярлау мәселесі де назардан тыс қалмауы тиіс.

АҚЖОЛТАЙ

Ауылға адам тарту оңай емес. Ал қаладан ауылға отбасыларды көшіріп, оларды жаңа ортаға бейімдеп, баспанамен, жұмыспен қамтамасыз ету – одан да күрделі міндет. Абай облысында осыдан бес жарым ай бұрын басталған «Қаладан – ауылға» жобасы бұл бағытта алғашқы нақты нәтижелерін көрсетіп отыр. Бүгінде облыстың ауылдарына 1240 адамнан тұратын 395 отбасы қоныстанған. Жыл соңына дейін 500 отбасын көшіру межесі қойылғанын ескерсек, жоспардың басым бөлігі орындалып үлгерген.

«ҚАЛАДАН – АУЫЛҒА» КӨШ ТҮЗЕГЕНДЕР КӨБЕЙДІ



Абай облысында ауылдардың әлеуетін арттырып, қала тұрғындарын ауылдық жерлерге тартуға бағытталған «Қаладан – ауылға» жобасы биылғы жылдың ақпан айының соңында іске қосылған болатын. Бастаманың негізгі мақсаты – ауылды жаңа тұрғындармен толықтыру ғана емес, ауылдық жерлерде өмір сүруге, еңбек етуге және кәсіп бастауға қолайлы жағдай қалыптастыру. Жоба үйлестірушісі Қанат Тұрардың айтуынша, бастама қолға алынғаннан бері бес жарым айдың ішінде 395 отбасы, яғни 1240 адам ауылдарға орналасқан. Жыл соңына дейін облыстың ауылдарына 500 отбасын көшіру жоспарланып отыр. Демек, қазіргі нәтиже белгіленген межеге айтарлықтай жақындағанын көрсетеді. Бірақ жобаға қатысушылардың саны артқан сайын оның келесі кезеңі де күрделене түседі. Өйткені отбасын ауылға көшіріп әкелу – жұмыстың бір бөлігі ғана. Ең маңыздысы – оны сол жерде тұрақтандыру.

Қанат Тұрардың айтуынша, қоныс аударған әр отбасының жағдайы жеке-жеке зерделеніп жатыр. Жоба үйлестірушілері отбасылармен байланысып, балалардың мектепке орналасуын, ата-аналардың жұмысқа тұруын, кәсіппен айналысу мүмкіндігін, баспанамен қамтылуын және жергілікті атқарушы органдар тарапынан қандай қолдау көрсетілгенін анықтап отыр. Себебі ауылға көшкен отбасы жаңа ортаға бір күнде бейімделіп кетпейді. Өсіресе, балалы отбасылар үшін мектеп мәселесі, ал еңбекке қабілетті азаматтар үшін жұмыс пен табыс көзі бірінші кезекте тұр. Сондықтан «Қаладан – ауылға» жобасының тиімділігін тек көшіп келген адамдардың санымен емес, олардың ауылда қаншалықты орныққанымен бағалау қажет. Бүгінде осы бағытта нақты мониторинг жүргізіліп жатқаны байқалады.

Жоба үйлестірушілері қоныс аударған отбасылардың әрқайсысымен жеке сөйлесіп, олардың жағдайын сұрап, туындаған мәселелерді анықтауға тырысып отыр. Бұл тәжірибе жобаның жай



ғана көші-қон науқанына айналмай, адам тағдырына негізделген әлеуметтік жоба ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді.

Жобадағы тағы бір назар аударарлық көрсеткіш – соңғы аптадағы нәтиже. Бір аптаның ішінде облыстың ауылдарына 42 отбасы көшіп келген. Бұған дейінгі орташа көрсеткіш аптасына 10-15 отбасы шамасында болғанын ескерсек, бұл айтарлықтай өсім. Тұрар мырзаның айтуынша, мұның бірнеше себебі бар. Біріншіден, жоба туралы ақпараттың таралуы артып келеді, екіншіден, алғашқы қоныс аударушылардың тәжірибесі кейінгі отбасыларға белгілі бір деңгейде сенім беріп отыр. Үшіншіден, тамыз айының ортасына қарай балаларды жаңа

оқу жылына мектепке орналастыру мәселесі өзекті бола түседі. Сондықтан көптеген отбасы қыркүйекке дейін ауылға барып, орналасып алуға ұмтылып отыр. Бұл жерде уақыт факторы маңызды. Балалы отбасы үшін жаңа оқу жылын жаңа мектепте бастауға дайындық, құжаттарды реттеу, тұрғылықты жерге орналасу – барлығы алдын ала шешілуі тиіс. Сондықтан соңғы апталардағы көші-қон қарқыны-

ның артуын жобаның табиғи түрде жаңа кезеңге өткенінің белгісі деуге болады.

Көшіп келушілер арасында Семейден ғана емес, басқа өңірлерден келгендер де бар. 395 отбасының 1240 мүшесінің 508-і Семей қаласынан болса, қалған 733 адам Қазақстанның басқа өңірлерінен қоныс аударған. Бұл – жобаның жергілікті қала тұрғындарын ауылға тартумен ғана шектелмей, сырттан да жаңа тұрғындарды қабылдауға мүмкіндік беріп отырғанын көрсетеді.

Яғни, жоба бір мезгілде екі мәселені шешуге бағытталған. Біріншісі – облыс ішіндегі ішкі көші-қонды реттеу болса, екіншісі – өзге өңірлерден еңбек ресурстарын тарту. Бұл әсіресе халқы азайып бара жатқан немесе еңбекке қабілетті тұрғындары жеткіліксіз ауылдар үшін маңызды. Өйткені ауылдың экономикасы ең алдымен адамға байланысты. Жер бар, мал шаруашылығын дамытуға мүмкіндік те мол. Бірақ осы мүмкіндіктерді іске асыратын адам болмаса, оның экономикалық әлеуеті толық пайдаланылмайды.

Бір аптаның ішінде облыстың ауылдарына 42 отбасы көшіп келген. Бұған дейінгі орташа көрсеткіш аптасына 10-15 отбасы шамасында болғанын ескерсек, бұл айтарлықтай өсім. Тұрар мырзаның айтуынша, мұның бірнеше себебі бар. Біріншіден, жоба туралы ақпараттың таралуы артып келеді, екіншіден, алғашқы қоныс аударушылардың тәжірибесі кейінгі отбасыларға белгілі бір деңгейде сенім беріп отыр. Үшіншіден, тамыз айының ортасына қарай балаларды жаңа оқу жылына мектепке орналастыру мәселесі өзекті бола түседі. Сондықтан көптеген отбасы қыркүйекке дейін ауылға барып, орналасып алуға ұмтылып отыр.

Сондықтан ауылға жаңа отбасылардың келуі – демографиялық қана емес, экономикалық та фактор.

Жоба аясында облыстың 10 ауданының әрқайсысына 50 отбасынан қабылдау міндеті қойылған. Осылайша жыл соңына дейін 500 отбасын орналастыру жоспарланып отыр. Аудандардың арасында жоспарды орындау қарқыны да әртүрлі. Мәселен, Бесқарағай ауданы 50 отбасын көшіріп, белгіленген межені 100 пайыз орындаса, қалған аудандарда да жұмыс жалғасып жатыр. Кейбір аудандарда көрсеткіш 42 отбасыға дейін жеткен. Ал кейінгі бес ауданда шамамен 37 отбасыдан орналасқан. Аудандар жоспардың 74-75 пайызына жуық бөлігін орындап отыр. Маңыздысы



– жоспардан айтарлықтай қалып қойған аудан жоқ. Бұл жобаға аудан әкімдіктерінің де белсенді қатысып отырғанын көрсетеді. Жалпы, әр ауданға нақты көрсеткіш бекітілуі және оның әкімдердің жұмысын бағалау жүйесіне енгізілуі жауапкершілікті арттыратын тетікке айналып отыр.

Жобаның тартымдылығы оның нақты қолдау шараларымен байланысты. Қала тұрғыны ауылға көшкенде ең алдымен баспана мен тұрақты табыс көзін ойлайды. Осы тұрғыдан алғанда, жоба аясында азаматтарға тұрғын үй, жұмыс және кәсіп бастау мүмкіндіктерін бастауға қарастырылған. Абай ауданына қарасты Медеу ауылдық округінің тәжірибесі осының нақты мысалы. Мұнда қоныс аударған отбасыларға тұрғын үймен қатар мал шаруашылығын бастауға мүмкіндік беру ұсынылған. Әр отбасына 10 бас қой, 2 бас ірі қара және 1 жылқы беру қарастырылған. Сонымен бірге тұрақты жұмыспен қамту мәселесі де назарда.

Бұл – «ауылға келіңіз» деген жалан шақыру емес, «келіңіз, еңбек етіңіз, табыс табыңыз, өз шаруашылығыңызды дамытыңыз» деген нақты ұсыныс. Мұндай модельдің өміршендігі де осында.

Ауылдың инфрақұрылымы болмаса, көші-қон тұрақты болмайды. Әрине, бір отбасыға үй мен мал беру жеткіліксіз. Қазіргі заманғы ауыл тұрғыны үшін әлеуметтік инфрақұрылымның сапасы да маңызды. Медеу ауылында мектеп, мәдениет үйі, медициналық пункт, тұрақты интернет, спорт және ойын алаңдарының жұмыс істеуі – жобаның кешенді сипатқа ие екенін көрсетеді. Өйткені ауылға көшетін отбасы ең алдымен баласын жағдайын ойлайды. Сондықтан ауылды дамыту дегеніміз – тек жол салу немесе әлеуметтік нысан тұрғызу емес. Бұл – адамның ауылда толыққанды өмір сүруіне қажетті органы қалыптастыру.

Жоба басталғанына небәрі бес жарым ай болғанын ескерсек, қазіргі көрсеткіштерді алғашқы нәтиже ретінде бағалауға болады. Ендігі міндет – осы қарқынды сақтап қана қою емес, ауылға келген әр отбасының тамыр жаюына мүмкіндік жасау. Бүгінгі таңда ауылға жаңа тұрғындар ғана емес, жаңа идея, жаңа кәсіп, жаңа өмір салты қажет. Егер «Қаладан – ауылға» жобасы осы үш бағытты қатар алып жүрсе, оның тәжірибесі Абай облысының шеңберінен шығып, Қазақстанның басқа өңірлеріне де үлгі болары анық. Өйткені ауылды сақтап қалудың ең тиімді жолы – оны өткеннің мекені емес, болашақтың мекеніне айналдыру.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ЭТИКА НОРМАЛАРЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРГЕ ТАЛАП ЖОҒАРЫ

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан Мерекеке сенім білдіру және мемлекеттік қызметшілердің моральдық әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қояды.

Этика дегеніміз – тәртіп сақтау ережелері. Ол қоғамда белгілі бір нормаларға сай өмір сүретін қағидалардың жалпы жиынтығы. Ал бұл нормалар адамдардың мораль және адамгершілік қасиеттерінің болуымен тығыз байланысты. Этиканы сақтау өмірдің әр саласында әртүрлі. Соның ішінде мемлекеттік қызметшілердің этикасы басты назарды аудартады. Мемлекеттік қызметкер әртүрлі қоғам мүшелерінің өкілдерімен жұмыс істейтіндіктен аса үлкен дайындықпен қызмет атқаруы тиіс. Қызмет орнында өзін-өзі ұстай білу, сыртқы бейнесі мен киім үлгісі тәртіпке сай болуын қадағалау, қимыл-әрекеттерін әңгіме кезінде қолдана білу анық әрі түсінікті жүйелі түрде сөйлей білу – осылардың бар-

лығы қызметкердің кәсіби этикалық құндылықтарына және жалпы қабылданған этика жүйесіне жатады.

ҚР Президентінің 2015 жылдың 29 желтоқсандағы №153 «ҚР Мемлекеттік әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығымен ҚР мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) бекітілген. Бұл Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілердің қызметте және күнделікті өмірде жүріс-тұрыстарының стандартын бекітті. Әдеп кодексінің жаңа реакциясына сәйкес Әдеп жөнінде уәкіл енгізілген. Әдеп жөніндегі уәкіл сондай-ақ, өзі жұмыс істейтін мемлекеттік органда мемлекет-

тік қызметшілердің әдеп нормаларын бұзу фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды. Мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайларда оларды қорғау және қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдап, басқа да функцияларды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптар Әдеп кодексі арқылы жоғарылай бастады. Әдеп кодексінің басты міндеті – сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың профилактикасына бағытталған іс-шараларды әзірлеу, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік әдепті

сақтаудағы жауапкершілік деңгейін арттыруды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау, әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметін үйлестіру және мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларымен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу.

Әдеп кодексіне сәйкес Қазақстанның мемлекеттік қызметшілерінің моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптар күшейе түсті. Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуға тиіс. Қызметтен тыс уақытта мемлекеттік қызметшілер жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстанып, қоғамға жат мінез- құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін ма-саң күйде болу жағдайларына жол бермеуге тиіс. Көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын-

да сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттары мемлекеттік орган қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында оңтүлеуді оның басшысы немесе мемлекеттік органның бұған уәкілеттік берілген лауазымды адамдары жүзеге асырады.

Кодекc халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған. Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің әдебі мен мінез-құлықтарына үлкен мән беріледі. Сондықтан, мемлекеттік қызметте үлкен жетістіктерді бағындыруды көздеген әрбір мемлекеттік қызметші Әдеп кодексін және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарының талаптарын сақтап, мемлекеттік қызметті адал атқаруы қажет.

Ж. КАИРЛАНОВА,
Ақтөбе облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған сотының сот әкімшісі басшысының орынбасары



САРАП

ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ СМАРТФОН ҚОЛДАНУМЕН ӨЛШЕНБЕЙДІ

Бүгінгі қоғамды цифрлық технологиясыз өлестету қиын. Таңертең телефонға үңіліп, жаңалық оқимыз. Банктегі төлемді қосымша арқылы жасаймыз. Дәрігерге онлайн жазыламыз, мемлекеттік қызметті электронды түрде аламыз, билет сатып аламыз, дүкенге бармай-ақ қажетті затымызды үйге алдырамыз. Бұрын бірнеше сағат немесе бір күн кететін шаруаның біразы қазір бірнеше минутта орындалады. Бірақ осы жетістіктің көлеңкелі тұсы да бар.

Цифрлық технологияны еркін пайдалана алатын адам үшін әлем жылдам әрі ыңғайлы болып бара жатса, оны меңгермеген азамат үшін керісінше, кейбір қызметтерге қол жеткізу қиындай түсуі мүмкін. Олай болса цифрлық теңсіздік енді интернетке кімнің қолы жететінімен ғана өлшене ме, әлде технологияны кімнің қаншалықты тиімді пайдалана алатынымен өлшене ме деген сұрақтың тууы заңды.

Қазақстандағы жағдайға көз салсақ, цифрлық технологиялардың қоғамға қаншалықты терең енгенін көруге болады. Ұлттық статистика бюросының 2025 жылғы үй шаруашылықтарына жүргізген зерттеуіне 21 мың үй шаруасындағы тұрғын қатысқан. Оның нәтижесі бойынша 16-74 жастағы халықтың 95,6 пайызы интернет пайдаланушылар қатарында. Ал осы жастағы халықтың цифрлық сауаттылық деңгейі 92,4 пайызды құраған. 88,2 пайызы компьютер, ноутбук немесе планшет пайдаланатынын көрсеткен. Алайда статистикадағы 92,4 пайыз бізді бір сәт ойландыруы керек. Себебі бұл көрсеткіштің ар жағында цифрлық мүмкіндіктерді толық пайдалана алмайтын адамдар да бар. Цифрлық технология күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналған сайын олардың жағдайы қалай болады? Бүгін бір қызметті қолдана алмау – жай ғана қолайсыздық болуы мүмкін. Ертең ол адамның экономикалық мүмкіндігіне, ақпарат алуына, мемлекеттік қыз-



метке қол жеткізуіне, тіпті қауіпсіздігіне әсер етуі ықтимал.

Біз кейде цифрлық сауаттылықты адамның смартфон ұстап, WhatsApp немесе әлеуметтік желі қолдануымен өлшейміз. Бірақ мәселе одан әлдеқайда күрделі. Цифрлық сауаттылық дегеніміз – құрылғыны пайдалану ғана емес, адамның интернеттен қажетті ақпаратты таба білуі, электронды қызметті өз бетінше алуы, стандартты бағдарламаларды қолдануы, жеке деректерін қорғауы, күмәнді ақпаратты ажырата алуы және цифрлық қауіпсіздік талаптарын сақтай білуі. Қазақстанның ресми статистикасында да цифрлық сауаттылық адамның компьютер, смартфон, планшет, ноутбук арқылы стандартты бағдарламалар мен интернеттегі қызметтерді пайдалану дағдыларын қамтитыны көрсетілген. Демек, әлеуметтік желіге күн сайын кіретін адамның өзі цифрлық тұрғыдан толық сауатты болмауы мүмкін. Ол жалған ақпаратты шынайы жаңалықтан ажырата алмауы, күмәнді сілтемеге өтуі ықтимал. Жеке деректерін бейтаныс адамға беруі, электронды құжаттың немесе банк операциясының қауіпсіздігін тексеруді білмеуі мүмкін. Ал мұның соңы кейде өте қымбатқа түседі.

Қазір алаяқтардың әдісі де өзгерді. Бұрын телефон арқылы алдаса, бүгінде жалған сайт, жалған хабарлама, жалған қосымша, әлеуметтік желідегі паракша,

Цифрлық сауаттылықты көтеру – тек технологияны меңгерту емес, азаматтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне айналады. Мемлекет те бұл бағытта шаралар қабылдап жатыр. Мәселен, 1414 SMS-шлюзі арқылы ақпараттық жүйелерге қол жеткізуді қорғау күшейтіліп, биометриялық аутентификация, ЭЦҚ немесе eGov QR сияқты тәсілдер енгізілген. eGov Mobile қосымшасында азаматтарға күмәнді әрекеттерді тану және кибергигиена ережелерін сақтау жөнінде ұсынымдар орналастырылған. Бірақ қауіпсіздік жүйесін күшейту жеткіліксіз. Адамның өзі де сол жүйені түсінуі керек.

жасанды интеллект арқылы жасалған дауыс пен бейне сияқты жаңа тәсілдер пайда болуда. Сондықтан цифрлық сауаттылықты көтеру – тек технологияны меңгерту емес, азаматтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне айналды. Мемлекет те бұл бағытта шаралар қабылдап жатыр. Мәселен, 1414 SMS-шлюзі арқылы ақпараттық жүйелерге қол жеткізуді қорғау күшейтіліп, биометриялық аутентификация, ЭЦҚ немесе eGov QR сияқты тәсілдер енгізілген. eGov Mobile қосымшасында азаматтарға күмәнді әрекеттерді тану және кибергигиена ережелерін сақтау жөнінде ұсынымдар орналастырылған. Бірақ қауіпсіздік жүйесін күшейту жеткіліксіз. Адамның өзі де сол жүйені түсінуі керек.

Цифрлық теңсіздік туралы сөз болғанда, ең алдымен жасы үлкен азаматтарды еске аламыз. Бұл жерде цифрлық дағдының төмен болуы адам-

ның білімі мен қабілетінің төмендігін білдірмейтінін ескеру маңызды. Кеше ғана қоғамға қажетті маман болған, өмір бойы еңбек еткен, үлкен өндірісті басқарған, мектепте сабақ берген, дәрігер болған, журналистикада еңбек еткен адамның бүгінгі таңда жаңа мобильді қосымшаны пайдалана алмауы оның білімсіз екенін білдірмейді. Ол жай ғана басқа технологиялық дәуірде қалыптасқан. Сондықтан аға буынды цифрлық ортаға бейімдеу «үйренбеген адамға үйрету» емес, ұрпақтар арасындағы цифрлық көпірді қалыптастыру ретінде қарастырылуы керек. Бұл тұрғыда Қазақстанда нақты бастамалар да бар. Мысалы, Астанада халыққа цифрлық қызметтерді пайдалануды үйрететін тегін офлайн сабақтар ұйымдастырылып жатыр. Мұндай тәжірибені тек елордада емес, барлық өңірде кеңейтуге болады.

Цифрлық теңсіздік тек жас ерекшелігіне байланысты емес. Бұл ауыл мен қалаға қатысты да мәселе. Бүгінде Қазақстан халқының едәуір бөлігі ауылдық жерде тұрады. 2025 жылдың басындағы дерек бойынша ел халқының 7,5 миллионнан астамы ауылдық жерлерде тұрған. Сондықтан цифрлық

лық сауаттылығын арттыру жеке нысаналы индикатор ретінде белгіленген. Онда 2026 жылға 87 пайыздық деңгей межеленіп отыр. Ал мектептерде де цифрлық сауаттылықтың мазмұны өзгеріп келеді. 2025–2026 оқу жылынан бастап «Цифрлық сауаттылық» пен «Информатика» пәндерінде жасанды интеллект элементтері енгізіле бастады. Бұл – заман талабы. Бірақ балаларды жаңа технологияға үйретумен қатар, олардың ата-аналары мен аға буынға да цифрлық білім беруді ұмытпауымыз керек.

Қазақстан электронды мемлекеттік қызметтерді дамытуда айтарлықтай жолдан өтті. Бірақ цифрландырудың түпкі мақсаты – азаматты мемлекеттік мекемеге барудан босату ғана емес. Оның мақсаты – адамның өмірін жеңілдету. Егер азамат электронды қызметті пайдалана алмаса, ол үшін цифрландырудың тиімділігі төмендейді. Сондықтан мемлекеттік қызметтердің цифрлық нұсқасымен бірге, қажет жағдайда азаматқа көмек көрсететін дәстүрлі арна да сақталуы керек. Әсіресе қарт адамдарға, ауыл тұрғындарына, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға, цифрлық дағдысы төмен адамдарға нақты қолдау қажет. Өйткені, «қызмет интернетте бар» деу мен «азамат ол қызметті пайдалана алады» деудің арасы жер мен көктей. Бәлкім, цифрлық сауаттылық ұғымын да кеңірек қарастыратын уақыт келген шығар.

Цифрландыру – қайтарымсыз процесс. Одан бас тарту мүмкін емес және қажет те емес. Бірақ цифрлық даму қоғамдағы жаңа жіктелуге себеп болмауы тиіс. Бір жағында барлық қызметті телефон арқылы бірнеше минутта шешетін азамат, екінші жағында қарапайым электронды өтініш беру үшін баласына немесе немересіне жүгінетін адам тұрса, бұл – технологиялық емес, әлеуметтік мәселе. Сондықтан цифрлық саясаттың басты өлшемі интернет жылдамдығы немесе жаңа платформалардың саны ғана болмауы керек. Ең басты өлшем – сол технология адамның өмірін қаншалықты жақсартты? Біз цифрлық мемлекетті құрып жатырмыз. Ендігі міндет – сол мемлекетті цифрлық жағынан да инклюзивті ету. Өйткені, өркениетті қоғамда технология адамның алдына кедергі болып тұрмауы керек. Керісінше, адамның жасына, тұрғылықты жеріне, табысына немесе цифрлық тәжірибесіне қарамастан, оның мүмкіндігін кеңейтуі тиіс. Токетерін айтқанда, цифрлық теңсіздік – болашақтың мәселесі емес, бұл үрдіс қазірдің өзінде басталды. Енді оны дер кезінде байқап, алдын алу – мемлекетке де, қоғамға да ортақ міндет.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БАСТЫ ДЕБАТТАҒЫ БАҒДАР – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қарапайым көрермен телеиндустрияның да жаңа мүмкіндіктеріне куә болып, тікелей эфирдегі кәсібилік пен шоу форматындағы заманауи сараптамалық сюжеттер мен технологияның жетістіктерін теледебат қатысушыларымен бірге тамашалады.

Әрбір пікірталастың тақырыбы, әр телеарнаның стилі мен партия өкілдерінің саяси сахнадағы даярлығы қазақстандықтардың үлкен қызығушылығын туғызды.

«Қазақстан» ұлттық телеарнасы бастап берген эстафетаны «Жетінші арна» жалғап, Jibek Joly телеарнасы қолдап, «Хабар» агенттігінің 24KZ арнасы нүктесін қойды. Соңғы дебат ресми түрде Орталық сайлау комиссиясының тапсырысымен ұйымдастырылып, партия төрағаларының арасында өтті. Көрермендерге әсіресе, осы «Басты дебат» яғни, партия лидерлерінің сайысы ерекше қызық болғандай. Өйткені 24KZ YouTube арнасындағы алғашқы бірнеше сағатта қаралым саны 21 000-нан асып, эфир басталған аз уақыт аралығында 275 000 пікір қалдырылыпты.

Арнаның байланыс орталығына көрермендерден 59 000 сұрақ түсіпті. Бұл қазақстандықтардың өз өмірлеріне үлкен алаңдаушылықпен қарайтынын,

ел болашағына қатысты мәселеде белсенді екенін көрсетті.

Жеті партияның төрағалары қатысқан шешуші дебатта экономика, әлеуметтік мүмкіндіктер мен кәсіпкерлікті дамыту, оларға қатысты кедергілерді жою, экология, мемлекеттік бюджет, жаңа жұмыс орындарын ашу мәселелері көтеріліп, таласты тартысты пікірсайысқа ұласты. Саяси бәсекеде рас, тілге шешен, көпке көсем адамның сөзі өтімді. Бірақ шын мәнінде, халықтың өміріне қатысты саяси шешімдер шешілетін алаңқайда партиялардың өз бағдарламаларындағы өзекті жайттардың нәтижелі тетіктері көрінгені маңызды. Халыққа әдемі сөз, жалаң уәде, жарқыл-жұрқыл шоу емес, нақты жұмыс істейтін адамдар мен шынайы жанашыр, халықшыл депутаттар өз орнын тапқаны маңызды.

Басты дебаттың құндылығы партия жетекшілеріне өз сайлаушылары алдында саяси ұпай жинауға тиімді алаңқай мен мүмкіндік ұсынғаны болды. Телеарналарға сәтті тәжірибе есебіндегі бұл формат алдағы жаңа жобаларға жол ашты. Осындай дебаттар арқылы саяси дискуссия мәдениеті қалыптасады, монолог пен диалог, пікірталас форматы дамиды.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН



МЕДИЦИНА

Қазақстанда дәрігерлерді даярлау жүйесіне өзгерістер енгізіледі. Интернатура көлемі 30-дан 70 академиялық кредитке дейін артып, білім алушылардың практикалық және клиникалық машықтарын жетілдіруге басымдық беріледі. Сонымен қатар әр дәрігер-интернге тәлімгер мен жұмыс орнын бекіту заң жүзінде міндеттелмек.



Болашақ дәрігерлердің практикалық дайындығы күшейтіледі

Денсаулық сақтау вице-министрі Тимур Сұлтанғазиевтің айтуынша, болашақ дәрігерлердің практикалық дайындығына басымдық беріледі. Денсаулық сақтау министрлігі медициналық білім берудің практикаға бағытталған жаңа моделі енгізіліп жатқанын нақтылады. Оның басты мақсаты – клиникалық дайындықты күшейтіп, түлектерді өз бетінше жұмыс істеуге даярлау.

«Жаңа модель Мемлекет басшысы 2026 жылғы 12 маусымда қол қойған заңда көзделген. Интернатура көлемі 30-дан 70 академиялық кредитке дейін ұлғайып, клиникалық даярлықты толыққанды кезеңіне айналды. Дәрігерлерді клиникалық даярлау бағдарламасынан міндетті магистрлік компонент алынып тасталады, ал қосымша оқу уақыты бейіндік даярлық пен практикаға бағытталады», – деді ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі

Тимур Сұлтанғазиев министрліктің алқа отырысында.

Сонымен қатар алғаш рет дәрігер-интерннің мәртебесі заңмен бекітілді. Клиникалық базада оған тәлімгер мен жұмыс орны берілуі, медициналық ақпараттық жүйелерге қолжетімділік қамтамасыз етілуі және тәжірибелі дәрігердің бақылауымен медициналық көмек көрсетуге қатысуына мүмкіндік жасалуы тиіс. Жалпы практика дәрігерлерін даярлау тәртібі де қайта қаралды. МСАК ұйымдарында тікелей білім алуға бөлінетін уақыт көбейтіліп, амбулаториялық педиатрия мен практикалық дағдыларға басымдық беріледі.

«2026 жылы резидентураға конкурс алғаш рет бірыңғай цифрлық платформа арқылы өткізіліп жатыр. Гранттар GPA көрсеткіші мен қорытынды мемлекеттік аттестаттау нәти-

желері бойынша автоматты түрде бөлінеді. Бұл адам факторын болдырмауға мүмкіндік береді. Талапкер төрт мамандыққа дейін, төрт білім беру ұйымын және болашақта жұмыс істейтін төрт өңірді таңдай алады», – делінген ақпаратта.

Жыл сайын республикалық бюджеттен резидентураға шамамен 2 500 грант бөлінеді. Бұған қоса, биыл өңірлер 937 грант қарастырған. 2025 жылы олардың саны 721 болған.

Сондай-ақ резиденттер даярлығының бір бөлігін кейін жұмыс істей-

тін өңірлерінде өткізу үшін білім беру-клиникалық консорциумдарды дамыту жоспарланып отыр. 2026 жылы денсаулық сақтау бағдарламалары бойынша 16 192 маман оқу бітірді. Оның 7 610-ы міндетті еңбек өтеуге тиіс. Алдын ала 5 951 түлек немесе 78,1%-ы жұмыс орындарына бөлінді.

«Жас дәрігерді өңірге жіберіп қана қою жеткіліксіз. Оның сол жерде тұрақтап қалуына жағдай жасау маңызды. Ол үшін баспана, әлеуметтік қолдау, жұмыс орны, тәлімгерлік және кәсіби даму мүмкіндіктері қажет», – деді Тимур Сұлтанғазиев. Реформаның келесі кезеңі – жаңа талаптарды жоғары оқу орындарында, клиникалық базалар мен өңірлерде іс жүзінде енгізу.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»



ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

Қазақстанда алаяқтардың әрекетінен зардап шеккен азаматтарға қатысты салық жеңілдігін енгізу мәселесі қаралып жатыр. Атап айтқанда, алаяқтық жолмен рәсімделген несие есептен шығарылған жағдайда, азаматтарды жөке табыс салығын (ЖТС) төлеуден толық босату ұсынылды.

Алаяққа алданғандар салық төлеуден босатылмақ

Қазір қолданыстағы ережеге сәйкес банк азаматтың несиеcін кешірсенемесе есептен шығарса, сол қарыз сомасы оның табысы ретінде есептеледі. Сондықтан азаматқа есептен шығарылған сомаға ЖТС төлеу міндеті туындауы мүмкін. Мысалы, азаматтың банктегі 1 миллион теңге қарызы есеп-

тен шығарылса, қолданыстағы тәртіп бойынша бұл 1 миллион теңге оның табысы ретінде қарастырылып, одан салық есептеледі. Осы мақсатта Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мен Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы алаяқтық жолмен рәсімделген несиелерді және басқа да үмітсіз

қарыздарды есептен шығару кезінде азаматтарды ЖТС төлеуден толық босатуды ұсынды.

Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин бұл жеңілдік барлық қарыз алушыға бірдей берілмеуі керек екенін айтты.

«Алаяқтардың әрекетінен зардап

автоматты түрде айырылмауы керек. Тәсіл теңдестірілген болуы қажет», – деді Серік Жұманғарин.

Серік Жұманғариннің сөзінше, салықтық жеңілдік азаматтың өзіне байланысты емес себептермен несиеcін төлей алмай қалған жағдайларға қатысты болмақ. Мұндай жағдайларға мүгедектік, еңбекке қабілеттіліктен айырылу, мүлік пен табыстың болмауы сияқты себептерді енгізу ұсынылып отыр.

Отырыста «қиын өмірлік жағдай» ұғымына нақты өлшемдер енгізу керегі де айтылды. Алдын ала ұсыныстарға сәйкес, оған мүгедектік, еңбекке қабілетінен айырылу, мүлік пен табыстың болмауы сияқты жағдайлар кіруі мүмкін. Вице-премьер уәкілетті мемлекеттік органдарға қаржы агенттігімен бірлесіп, тиісті есептеулер жүргізуді тапсырды. Оған қоса «қиын өмірлік жағдай» критерийлерінің толық тізімін

заңнамалық тұрғыда бекітуді ұсынды. Келісілген ұсыныстар келесі отырыста қаралады. Сонымен қатар жиында борыштық бағалы қағаздар бойынша дисконтқа салық салу тәртібі талқыланды.

Қолданыстағы нормаға сәйкес, дисконт сыйақы ретінде қарастырылады. Алайда бағалы қағаз өтелген кезде ол іс жүзінде құн өсімі ретінде есептеледі. Үкімет бұл жағдай салық салуда қайшылық туғызатынын айтты.

Осыған байланысты Салық кодексінің 378-бабын (Сыйақылар түріндегі кіріс) қайта қарап, бағалы қағаз өтелген кезде дисконтты борыштық бағала қағаздар бойынша сыйақы құрамында қалдыру ұсынылды. Бұл купон мен дисконттан түсетін табысқа салық салудың бірыңғай тәсілін қалыптастырып, инвесторлар үшін тең жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ТАРАТУ

3. «Нұр – Келес» ЖШС (БСН 201240019001) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Келес ауданы, Ақтобе ауылдық округі, Ынтымак елді мекені, Достық көшесі, №96-үй, тел. +7 701 837 02 52.

4. «САР-ХАН» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі (БСН 180540008484) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Келес ауданы, Ақтобе ауылдық округі, Ынтымак елді мекені, Достық көшесі, №10-ғимарат, тел. +7 702 950 5555.

5. «Түркістан қаласы, Жаңа қала мөлтек ауданы, 11 көше, 47 үй» мүлік-тің меншік иелері бірлестігі (БСН 260740010956) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, 161200, Түркістан қаласы, Жаңа қала мөлтек ауданы, 11-көше, 47-үй, тел. 8 707 795 0095.

9. «E-Lion Group» ЖШС (БСН 220140022821) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 271410, Абай облысы, Семей қаласы, Рахимғали Икенова көшесі, 88Б үй, тел. +7 777 091 11 18.

10. «Коллекторское агентство «Агентство по работе с дебиторами» ЖШС-нің Ақтау қаласындағы филиалы (БСН 210941042551) (Ақтау қаласы, 29-шағынаудан, 228-ғимарат), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 160Б. Тел. +7 727 339 96 66.

11. «Коллекторское агентство «Агентство по работе с дебиторами» ЖШС-нің Ақтөбе қаласындағы филиалы (БСН 171241024550) (Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Әлия Молдағұлова даңғылы, 46-ғимарат, 306/3-кеңсе), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 160Б. Тел. +7 727 339 96 66.

12. «Коллекторское агентство «Агентство по работе с дебиторами» ЖШС-нің Өскемен қаласындағы филиалы (БСН 171241024392) (Өскемен қаласы, Головок көшесі, 30-үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 160Б. Тел. +7 727 339 96 66.

13. «Коллекторское агентство «Агентство по работе с дебиторами» ЖШС-нің Астана қаласындағы филиалы (БСН 171241025866) (Астана қаласы, Алматы ауданы, Амангелді Иманов көшесі, 19-ғимарат, 504С), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 160Б. Тел. +7 727 339 96 66.

14. «Коллекторское агентство «Агентство по работе с дебиторами» ЖШС-нің Атырау қаласындағы филиалы (БСН 180141014688) (Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 76А үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 160Б. Тел. +7 727 339 96 66.

15. «Коллекторское агентство «Агентство по работе с дебиторами» ЖШС-нің Қарағанды қаласындағы филиалы (БСН 171241026220) (Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Гоголь көшесі, 34-ғимарат, 4-тұрғын емес үй-жай), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 160Б. Тел. +7 727 339 96 66.

16. «Коллекторское агентство «Агентство по работе с дебиторами» ЖШС-нің Көкшетау қаласындағы филиалы (БСН 171241024739) (Көкшетау қаласы, Б. Момышұлы көшесі, 41-үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 160Б. Тел. +7 727 339 96 66.

17. «Коллекторское агентство «Агентство по работе с дебиторами» ЖШС-нің Қостанай қаласындағы филиалы (БСН 220641030658) (Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 119-үй, 405А), өзінің таратылатыны туралы

хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 160Б. Тел. +7 727 339 96 66.

18. «Коллекторское агентство «Агентство по работе с дебиторами» ЖШС-нің Қызылорда қаласындағы филиалы (БСН 171241026676) (Қызылорда қаласы, Скатков Фима көшесі, 107А үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 160Б. Тел. +7 727 339 96 66.

19. «Коллекторское агентство «Агентство по работе с дебиторами» ЖШС-нің Павлодар қаласындағы филиалы (БСН 171241025559) (Павлодар қаласы, Кривенко көшесі, 23-ғимарат, 67), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 160Б. Тел. +7 727 339 96 66.

20. «Коллекторское агентство «Агентство по работе с дебиторами» ЖШС-нің Семей қаласындағы филиалы (БСН 171241025483) (Семей қаласы, Шұғаев көшесі, 4-үй, 202), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 160Б. Тел. +7 727 339 96 66.

21. «Коллекторское агентство «Агентство по работе с дебиторами» ЖШС-нің Талдықорған қаласындағы филиалы (БСН 171241026150) (Талдықорған қаласы, Ақын Сара көшесі, 137-үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 160Б. Тел. +7 727 339 96 66.

22. «Коллекторское агентство «Агентство по работе с дебиторами» ЖШС-нің Тараз қаласындағы филиалы (БСН 171241026339) (Тараз қаласы, Қазыбек Би көшесі, 111-үй, 311), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 160Б. Тел. +7 727 339 96 66.

23. «Коллекторское агентство «Агентство по работе с дебиторами» ЖШС-нің Орал қаласындағы филиалы (БСН 171241026824) (Орал қаласы, Мұхит көшесі, 112-ғимарат), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 160Б. Тел. +7 727 339 96 66.

24. «Коллекторское агентство «Агентство по работе с дебиторами» ЖШС-нің Шымкент қаласындағы филиалы (БСН 180141003167) (Шымкент қаласы, Абай ауданы, Темірлан тасжолы, 6А ғимарат), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 160Б. Тел. +7 727 339 96 66.

25. «Целина AWD» жол талғамайтындар клубы» қоғамдық бірлестігі, (БСН 100140011762) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, 31-үй. Тел. +7 705 297 87 87.

26. Қазақстан Республикасының Экологиялық таза көлік қауымдастығының заңды тұлғалар бірлестігі (БСН 210840023080) (Алматы қаласы, Мауленов көшесі, 85-үй), ерікті түрде таратылу туралы шешім қабылданғанын хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 502-үй, 401-кеңсе, сондай-ақ +7 778 625 09 95 телефоны арқылы.

28. «Жалақыға дейін акша» ЖШС (БСН 160840023356) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атырау облысы, Исатай ауданы, Аққыстау ауылдық округі, Аққыстау ауылы, Егемен Казахстан көшесі, 14-үй.

31. «Инновация Атырау» ЖШС (БСН 190140011570) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 060700, Атырау облысы, Махамбет ауданы, Махамбет ауылдық округі, Махамбет ауылы, Қисым Мырзағалиев көшесі, 18-үй. Тел. 8 702 548 44 34.

32. «Velston» ЖШС (БСН 251040031111) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Е 871 көшесі, 1/2- үй, 45-пәтер. Тел. +7 701 962 79 94.

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 - қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сүтүшова көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (717) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривонова Татьяна Ивановна Шымкент

35. «Голдиум» ЖШС (БСН 220940037214) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Тілендиев көшесі, 38. Тел. 87011797567.

36. «Alfa Group Company» ЖШС (БСН 1310400015511) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Құлагер шағын ауданы, 11-үй, 46-кеңсе, тел. 8-705-8888-567.

37. «Ertis Stroy KZ» ЖШС (БСН 260440023858) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Түркістан көшесі, 34Б үй, 91-пәтер. Тел. 8-777-509-06-77.

ӘРТҮРАІ

2. «МҚҰ ФРИДОМ ФИНАНС Кредит» ЖШС (БСН 190340008954) 748 492 813 (жеті жүз қырық сегіз миллион төрт жүз тоқсан екі мың сегіз жүз он үш) теңге сомасына жарғылық капиталдан азаюы туралы өз кредиторларын хабардар етеді. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 502, 6-қабат, 608-609-кеңсе.

27. 2026 жылғы 9 шілдедегі Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының ұйғарымымен «Таза Әлем – Компани» («Чистый Мир – Компани») ЖШС-не (БСН 100440008694) қатысты оңалту ісі бойынша іс жүргізу қозғалды. Кредиторлардың талап-арыздары мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, № 29.

29. Мекенжайы: ҚР, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Ұмтыл ауылдық округі, Жалпақсай ауылы, Шегебаев көшесі, 8-үй бойында орналасқан «Ломбард GOLD EXPERT» ЖШС (БСН 130640020894) микроқаржылық қызметті (ломбард қызметін) ерікті түрде тоқтату және лицензияны қайтару туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары мен наразылықтары хабарландыру жарияланған күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде мына мекенжай бойынша: ҚР, Алматы облысы, Қарасай ауданы, Ұмтыл ауылдық округі, Жалпақсай ауылы, Шегебаев көшесі, 8-үй және +7 (777) 220-10-72 телефоны арқылы қабылданады.

33. «14-24К» ЖШС (БСН 200640031409) өзінің жаңа заңды тұлға – «Altup Kaz» ЖШС-ін бөліп шығару арқылы қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Талап-арыздар мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Жанат» СТ, 1-үй, индексі А30Y1K0. Тел. +7 775 042 47 61.

34. «Джетгаринская горнорудная компания» ЖШС (БСН 010440005135) Серіктестіктің жарғылық капиталын азайту туралы 2026 жылғы 5 тамыздағы жалғыз қатысушының №1 хаттамамен рәсімделген шешімі қабылданғанын хабарлайды. Жарғылық капиталды азайтуға қатысушы – (БСН 040740012283) «Қазталқ» ЖШС-нің тартылуы және оның жарғылық капиталдағы үлесінің өтелуі негіз болып табылады. «Қазталқ» ЖШС Қостанай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 20 тамыздағы №3971-25-00-2/2679 азаматтық іс бойынша шешімі негізінде таратылған. Азайтылғанға дейінгі жарғылық капиталдың мөлшері: 160 000 (бір жүз алпыс мың) теңге. Азайтылғаннан кейінгі жарғылық капиталдың мөлшері: 40 000 (қырық мың) теңге. Серіктестік кредиторларының талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 110700, ҚР, Қостанай облысы, Жігітқара қаласы, Горная көшесі, 8Д құрылыс. Тел. +7 702 504 8070.

МҰРАГЕРЛІК

6. 10.03.2026 ж. қайтыс болған Жузбембетов Абилхаир Шеримбетовичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

7. 27.05.2026 ж. қайтыс болған Елбосынов Смагул Ногаевичтің артынан мұралық іс ашылуына байланысты мұрагерлерге Қызылорда облыстық нотариаттық аймағының нотариусы А.Б. Абиловаға, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Дінмұхаммед Қонаев көшесі, 26-үй, 15-пәтер, 8 705 143 35 71 байланыс нөміріне хабарласу қажет.

8. 13.10.2025 ж. қайтыс болған Тәшімова Ілгек Исмайлқызының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

30. 2021 ж. 18 шілдеде қайтыс болған Бекбенбетов Қайрат Орынбасаровичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлер Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 18/66 мекенжайында орналасқан нотариус Л.С.Суйеубаеваға хабарласуы қажет. Тел. 8 778 000 27 27.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 707 280 09 12, 8 705 185 75 73, 8 747 280 09 12, 8 701 739 27 83, 8 707 895 21 99
e-mail: kaldybayeva@mail.ru, 509-кеңсе, e-mail: zaninfo@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолқын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www. infogazet.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

БАЙҚАУҒА!

– Арам қатқыр сары сиыр. Осыдан тапсам қа-сындағы баспағынды соғымға сойып алып, өзінді етке өткізіп жіберемін. Шаршатып болдың мені. Жүрмін міне, айсыз қараңғы түнде дала кезіп. Арғы бетке өтіп кетіп біреудің егініне түскенсің ғой, – Тынымбай қарт күңкілдеп сөйлеп, бұлқан-талқан ашуланды.

Бұл арғы беттегі егінге таңертең бармаса, түн-де судан өте алмайды. Сары сиыр бұрын үйге өзі келетін. Баспағын қасына қосқаннан кейін далаға түнеп қалуды шығарды. Қарт ерінбеген күні іздеп шығып, осы арадан, жаға бойындағы жыңғылдар-дың арасынан айдап қайтатын. Күндізгі ыстықтан, сонадан жайылып жарытпаған мал кешкі салқын-мен жыңғыл арасынан тояттайтын. Сол себепті «Кішкене жайылсын», – деп қараңғы түскенше күтетін. Кемпірі екеуі кешкі шайын ішіп алғаннан соң, қолына таяғын ұстап жағаға беттейді. Ит-құс, ұры бар дегендей, малды үнемі далала қалдыруға болмайды ғой.

Жарты сағаттай жүріп, кешкі самал жанын желпіп, салқын ауамен тыныстап, сары сиыр-ды алдына салып асықпай үйге беттейтін. Үйін-де жем жейтінін білетін сиыр мұны көрісімен, «Әй, үйге қайтайық» дегендей баспағына қарап бір мөңіреп алады. Содан соң оны қасына ертіп, шыбық құйрығымен екі бүйірін сабалап қойып, ешқайда бұрылмай тікелей үйге тартатын. Бірақ, арғы беттегі егінді жинап, қоршауын ашса, айуан ғой жем жейтінін ұмытып кетеді.

Қарт бір жыңғылдың түбіне келіп отырып, өзеннің келесі бетіне көз жүгіртті. Құлағына көлік дауысы естілген соң, жалт бұрылып еді, жағаға қарай беттеп келе жатқан жарықты көрді. Қолын-дағы қуаты бітіп, сығырайған қолшамын сөндіре салды. Өлгі көлік бұдан елу метрдей жерге тоқтап, жарығын өшірді.

«Бұл неткен адамдар? Мал қарауға шыққандар ма? Әлде мына өзенге ау құрып, балық аулап жүр-гендер ме? Кім болса да жағада көп кідірмейтін шығар. Осылардың көлігіне мініп, үйге жақындап қалайын». Қарт орнынан көтеріле берді де, «Әуелі кімдер екенін көріп алайын» деп ойлап, қайтадан жыңғылдың түбіне бұқты. «Сақтансаң, сақтар-мын» деген сөз бар ғой. Жүргізуші жағынан бір жігіт шығып жан-жағына қарап, тың тыңдады. Содан кейін көліктің артындағы жүк салғышын ашты. Жолаушылар жағынан тағы біреу шығып, екеуі әлдебір нәрсені көтеріп, шылып өткізіп суға тастай салды.

– Айтып тұрғаның осы жер ме? Тіке жар екені-не сенімсің бе? Ертең су бетіне қалқып шығып жүрмей ме? – деді дауысы жуан біреуі.

– Жоқ, бірден астына шөгеді, сосын үстін құм басады. Мәңгілік мекеніне айналады, – деп қар-лығыңқы дауысты екіншісі жауап қатты.

– Жаңа біз осылай келе жатқанда бірдеңе жылт еткендей болып еді.

– Саған солай көрінген шығар.

– Ендеше кеттік, уақыт тығыз, – біріншісі кілт бұрылып көлікке беттеді.

«Әй, иттер-ай, – деді іштей Тынымбай қарт олар кеткен соң орнынан қозғалып, – Үйінен шыққан қоқысты түнделетіп әкеліп өзенге тастап жатыр. Астарында көліктері бар, коқыс төгетін орынға апаруға еріне ме екен? Әлде ешкім көрме-се өзенді осылай бүлдіре беруге болады деп санай ма? Бұл бүкіл халық, мал-жан су ішіп отырған арна емес пе? Баспаналарына таза су келіп тұрған соң өзеннің қадірін білмейді отбағандар. Бүгінде жастар не болып барады? Таңертең әкімге барып айтайын, шара қабылдасын». Көлік тоқтаған жер-ге келіп қолшамының жарығын түсіріп суға үңіліп еді, ештене байқалмады. Жағада балық кескен бе, қабыршақтар шашылып қалыпты. Тамған қан да көрінді.

Ертеңіне сиырын қарап келгеннен кейін қала әкіміне барып еді, жолға шыққалы жатыр екен. Қарттан көліктің түсін, нөмірін сұрады.

– Ата-ау, ондайлар көп. Шара қабылдап жа-тырмыз.

Әкіммен біраз сөйлескен соң, дүкеннен темекі алуға кетті.

Полковник Абылай Қайсенов алдында отыр-ған жас жігіттің жүзіне көз тоқтаға қарады.

– Жалғасбай, қармақ құруға неге үнемі сол жерге барасың?

– Маған сол жер ұнайды. Біріншіден тіке жар, қармақты алысқа лақтырмайсың. Балық түссе тартуға оңай. Екіншіден кейде су астында бір-деңелер қармақты іліп қалғанымен, балық жақсы жүреді. Үшіншіден ағын баяу қармақ ықпайды, – деді жігіт.

– Қармағыңды іліп қалғанда тіке жар екенін

біле тұра суға түсуге қорықпадың ба? Асты қатқақ па, әлде тартпа ма білмейсің ғой.

– Бұрын қармақты іліп қалғанда біраз тартқан соң босайтын. Бұл жолы жібермеді. Шынын айт-сам қорыққаным рас. Он шақты метр қашықтықта бір орыс жігіті қармақ құрып отырды. Егер суға кете бастасам, сол көмекке келеді деп ойладым. Желкінің бойынан ұстап, бір-екі қадам аттаған-да-ақ су белімнен келді. Тағы бір қадам аттап суға сүңгіп едім, жүрегім тас төбеме шықты. Астын-дағы топырақтан жартылай көмілген адамның қолы шығып жатыр. Тартып келе жатқан қар-мағым көйлегінің жеңіне ілігіпті. Айқайымды естіп орыс жігіт қасыма жетіп келді. Екеуіміз по-лицияға хабарладық. Арғы жағы өзіңізге белгілі.



– Түсінікті. Орыс жігітпен де сөйлестік. Еке-уіннің жауаптарың бір жерден шығып тұр. Жар бойына сенен басқа ешкім қармақ құрмай ма? Есіне түсіріп көрші.

– Оны қайдан білейін? Жұмыстан бос уақытта құрамын. Бірақ, өткен жылы таңертең сол жерге барсам бір ұзын бойлы, толықша келген қара жі-гіт балық аулап тұр екен. Содан соң әрілеу кеттім. Орныма тұрып алғанына іштей ренжісем де, қа-сына барып амандастым. Қарлығыңқы дауыспен жауап берді де, қайтып бұрылмады. Қолы қанды емес шығар, балық алып жарытқан жоқ, – деді Жалғасбай сәл ойланып.

– Балықты аулағаннан кейін жағада кессең бе? Неге орныңды жинап кетпейсің?

– Бұл жолы қабыршақты тастаған мен емеспін. Бір-екі рет жағада кескенім рас. Сізге оны Ты-нымбай ата айтты ма? Ол кісі ескерту жасағаннан кейін үйде кесетін болдым.

– Сол күні жағаға барғанда шөп үстіне тамған қанды байқамадың ба?

– Көрдім, бірақ, біреу жағаға балық кескен болар деп ойладым.

– Тынымбай қарт та балық аулай ма?

– Жоқ, екі бас сиыры бар. Соны таңертең айдап тастап, қараңғы түсе өрістен алып қайтады.

– Жарайды, боссың, – деді инспектор, – Керек болсаң шақыртамыз.

Абылай Тынымбай қартпен де сөйлесіп көрді. – Қараңғыда олардың бет-жүзін көре алмадым. Біреуі ұзын бойлы, толықша келген, екіншісі орта бойлы. Ол да толық денелі. Ұзын бойлысының дауысы жуан, орта бойлысының үні қарлығыңқы, Высоцкийдікі сияқты. Тыныш түнде кез келген дауыс жақсы естіледі ғой. Көлік шетелдік, ақ түсті, асты биік. Маркасын білмеймін, – деді қарт болған оқиғаны естіген соң.

Экспертизаның мәлімдеуінше өлген жігіт суда үш күндей жатып қалған. Демек, қылмыскерлер ізін суытып үлгерді деген сөз. Марқұмның бірне-ше қабырғасы, тісі сынған. Белден тепкен соққы-дан омыртқасы зақымдалған. Шіріген алашаға орап суға лақтырғанда тірі болса керек, шықпаққа талпынған. Бірақ, күші жетпей қолдарын ғана шығарып, тұншығып өлген. Оны суға тастауына қарағанда қылмыскерлер әлденеге асыққан. Сол себепті жерге көмуге уақыттары болмай, мойны мен аяғына тас байлап суға лақтырған.

Абылай ойға кетті. «Ауыр соққыға жығып өлтіретіндей бұл жігіттің не жазығы болды екен? Кімнің жолын кесті? Не үшін келісе алмай қал-ды? Өзеннің басқа жеріне тастамай жарға әкел-ген. Бұл жар терен екенін, ағын жоғын білген. Соққан толқынмен жардың топырағы үгіліп, мүр-де көміліп қалады. Іші кеуіп су бетіне шықпайды, қылмыс ашылмайды деп ойлаған. Соған қарағанда қылмыскердің бірі осы жерді жақсы білсе керек».

Бірнеше күннен кейін өлген жігіттің аты-жөні Ақылтай Қарман екені, тентектеу, араққұмар

адам болғаны, осы қалада тұратыны анықтал-ды. Әйелі Айым іздеу салыпты. Бірнеше күн бұрын үйден шығып кетіп, қайта оралмағанын жеткізіпті. Мәйітханадан мүрдесін көрсеткенде күйеуін бірден таныған. Абылай ол әйелмен сөйлесіп көрген, бірақ өз қайғысымен болып, жылап-сықтап отырған адамнан мардымды еш-теңе біле алмады. Одан кейін көршілерін, туыс-тарын сөзге тартты. Өлген жігіттің өзінің және әйелінің ағайындары кімдер екенін де анықтады. Сонан соң жақсы араласатын дос-жарандарын түгендеді. Марқұмды соңғы рет кімдер көргенін де назарынан тыс қалдырмады. Көшедегі камера-ларды да сүзгіден өткізді. Өлген адамның суретін қолына ұстап мұқият зерделеді. Мүрдесі судан



табылғанымен басқа жерлерден тірі кезінде камераға түсіп қалуы мүмкін ғой. Алайда, ізге түсетін бір ілік таппады. Жігіт кісі қолынан өліп отыр. Бұл қылмыс. Әңгіме өлген адамның кім екенінде, қалай ғұмыр кешкінінде емес. Кім бол-са да жапа шегуші. Жасалған қылмыс ашылып, қанішер құрықталады. Солай болуы тиіс-те! Оны ашу бұған жүктелді. Тапсырып отырған бас-шылары мұның біліктілігі мен мол тәжірибесін қолданып шиеленіскен түйінді тарқататынына сенімді. Ұзақ жылғы қызметінде Абылай бұдан зорын да ашқан. Талай мәрте түнде жортқан ұйқысыз түндер, өмірі қыл үстінде тұрған қа-уіпті сәттер басынан өтті. Міне, тағы да ұйқы-сы бөлініп, барлық нәрсеге қызығушылығын жоғалтып, қылмысты ашудан басқаны ұмытты. Адам өлтірген адамды жердің астына түсіп, көк-ке ұшып кетсе де табады. Бұл оның қызметтік ғана емес, азаматтық міндеті.

Мәйітханадан мүрдесі алынған соң, жігіттің үйінде жерлеу рәсімі өтті. Оған уақыт тауып Абылай да қатысты. Неге екенін өзі де білмейді, әлдебір түйсік осында келуін керек дегендей же-теледі де тұрды. Марқұмды соңғы сапарға шыға-рып салуға келгендердің қарасы аз екен. Халық танымал адамның ұрпағы болмаса жалғыз-жа-рым, жоқ-жітік адамдарға көп жинала бермейді. Мұнда келушілердің біразымен бұған дейін кез-дескен. Сол топтың ішінен орта бойлы, толықша келген қара жігітке назары ауды. Онымен сөйлес-пеген екен. Кім бұл? Қайтыс болған адамға қай жағынан жақын? Абылай жаңа ғана көппен бірге кіріп, өлген жігіттің әйеліне көңіл айтып шыққан болатын. Жаназа намазы оқылғаннан кейін Айым жаңағы жігітті қасына шақырып алып, құлағына бірдеңе айтып еді, ол бұған қарай жалт қарады. Жақын жерде тұрғандардың оның жүзі бұзылып сала бергенін сақшы бірден байқады. Жігіт әйелге бұрылып:

– Қазір барып көлікпен алып келейін, – деп дауыстап, қабір басына бармастан, әлденені сыл-тауратып, сытылып шыға жөнелді.

Абылайға оның дауысы таныс көрінді. Қайдан естіп еді? Жоқ, бұл бұрын көрмеген адамы. Енді есіне түсті. Қарлығыңқы үн, «Высоцкийдің дауы-сы». Тынымбай қарт айтып еді-ау. Жалғасбай да солай деді. Түр-сипаты да суреттегеніне келіп тұр. Бірден полиция бөліміне келіп, көліктің нөмірі арқылы жігіттің Алтай Асанов екенін анықтады. Содан кейін Тынымбай қартты шақыртып, одан тергеуге көмек ретінде бәрін көзбен көрген болып сөйлеуін сұрады. Алтаймен сөйлескенде жар ба-сына барғанын, адам өлтіруге қатысын түгелдей жоққа шығарды. Өз еркімен мойындаса жазасы жеңілдейтінін айтып еді, бет бақтырмады. Мұ-ның дәлелдей алмайтынына жүз пайыз сенімді. Ұзақ жылғы қызметінде мұндайлардың талайын көрген ізкесуші мойындағамын деп күйіп-пісіп, ашу шақырған жоқ. Сабырлы қалыпта тыңдады.

Ертеңіне куәгер қартпен беттестірді. Тынымбай қарт бәрін айтып:

– Қасындағы ұзын бойлы, толық серігің «Жаңа біз келе жатқанда бірдеңе жылт еткендей бол-ды», – деп сұрағанда: «Саған солай көрінген ғой» демей жыңғыл арасын қарағанында қолшаммен отырған мені көретін едің, – дегенде ғана жігіттің ұнжырғысы түсіп сала берді.

– Бізден бір қателік кетті, – деді Алтай – Ақыл-тайды өлтірейін деген ойымыз болған жоқ. Сол күні Айымның ағасы Артықбай маған келді. Екеуіміз бір жартылықты бөліп іштік. Дастарқан үстінде Артықбай қарындасын күйеу баласының «бедеусің, бала таппайсың» деп күнде ұратынын, телефонмен сөйлесіп, Айымға ажырасып кет десе



көнбей жүргенін айтып мұнын шақты. Досым ғой, менде бірге күңірендім. Қарындасына полицияға, сотқа арыз жаз десе де тыңдамапты. «Бас жарыл-са бөрік ішінде» деп көне берген. Сосын басына-ды ғой. Бір рет күйеу баласына ақыл айта барған екен, қайынағасы екен деп сыйламай бұған да қол жұмсапты. Екеуі төбелесіп қалған. «Бір түйір көркі жоқ, мұрны қолағаштай сенің қарындасың менен басқа кімге керек?» деп кекететін көрінеді.

Олай болса оған неге үйленді? Ақылтайдың тентектігі маған да мәлім. Ішкен адамның батыр болатыны белгілі және біз екі адамбыз ғой. Тағы бір рет барып ақыл айтып қайтайық деп шештік. Сөйтіп Ақылтайдың Айымды ұрып жатқанының үстінен түстік. Нәзік жанды адамды емес, қапты ұрып жүрген сияқты, еш аяушылық жоқ. Мұны көріп қанымыз басымызға шапты. Арашалауға көнбеген соң оған жабыла кеттік. Алып неме оңайлықпен әл бере ме? Артықбайды бір ұрып ұшырды. Мен де соққысынан шалқаннан түсіп едім, допша тепті. Шырылдап ортамызға түскен Айымды бір ұрып, есінен тандырды. Сол кез-де Артықбай арт жағынан тап беріп, мойнынан қысып қылғындара бастады. Оны басынан асы-рып алдына лақтырды. Содан кейін үстел үстінде тұрған пышаққа ұмтылды. Таяқ жегеннен кейін есімді жиған мен бізді не күтіп тұрғанын бірден ұғып, қорыққаннан плита үстінде тұрған табамен төбесінен бар күшіммен тарс еткіздім. Ол шалқа-сынан түсті. Көзі қанталап кеткен Артықбай оның үстіне тұрып алып, секіре бастады. Ал, мен ба-сынан тепкілей кеттім. Айым есін жынып бізді ажыратқанда ғана не бүлдіргенімізді ұқтық.

«Полиция шақыртып, сотқа беремін. Оны өл-тіргендерің, мені өлтіргендерің» деген Айыммен біраз тәжікелестік. Ағасы: «Болар іс болды, енді ештенге түзпемейді, қарындасым. Бұл итті құлай сүйетінінді білмеппін. Не істесен де біздің тағ-дырымыз сенің қолыңда», – деген соң ғана үнсіз қалып, жылап отырды.

Осыдан кейін Артықбай екеуіміз ақылдаса келе мүрдені өзенге тастау керек деп шештік. Жардың астына, мойны мен аяғына ауыр нәрсе байлап, бірденеге орап ағынсыз жерге тастасaq ешқайда түзпай топырақпен көміліп қалады деп ойладық. Суға лақтырған соң біреулер келіп не-месе көріп қалмай тұрғанда тез арада қарамызды батыруға тырыстық. Айымға полицияға жоғалып кетті деп хабарлауды тапсырдық. Жаназада сіздің маған күдіктене қарағаныңызды байқағанын ай-тып, ағасына зияным тимеуі үшін қарамды баты-руымды сұрады. Бірақ кетіп қалсам іздеу салады, ерте ме, кеш пе бәрібір табады деген оймен осын-да қалдым. Жасаған ісіме өкінемін. Қолыммен істегенімді мойныммен көтеремін.

– Оны суға лақтырғанда тірі екенін білмедіңіз-дер ме?

– Ешқандай дыбыс берген жоқ, қозғалмады, – деді Алтай

– Тірі екенін білгенде де бәрібір құтқармай-сыздар ғой.

Жігіт үнсіз қалды.

– Осы айтқаныңыздың бәрін қағазға түсіріп, астына қолыңызды қойыңыз, – деді Абылай, – Сөзіңіз түгелдей бейнетаспаға жазылды.

Тағы бір қылмыстың кешіктірілмей ашылға-нына бойы сергіп сала бергенімен, айтқандарын қағазға түсіріп жатқан жігітке аяушылықпен қара-ды. Өмір деген осы. Кейде адамдар осылай оңбай қателеседі. Арақ ішу, ашу үстінде өзін-өзі ұстай алмаудың соны екінішке соқтырады. «Сабыр түбі сары алтын» деген, бірақ ішкен адамда ол сақтала бере ме?

Бір күннен кейін Артықбай да қамауға алы-нып, қылмысты жасырғаны үшін Айым да жауап-қа тартылды.

Қанат ҒҰМАРОВ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ